Kazakhstan, Almaty
E-mail: naiman-karabi@mail.ru, 87775855458

Reputational management of media Abstract

This article discusses the need for each media facility to form a reputation management that can characterize each edition or channel as a competitive, authoritative source of information for both the target audience and the broad public. The article gives certain characteristics of reputation management.

Key words: reputation, management, information, media, audience.

Кенжегулова Нарбин

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент
«Туран» Университеті
Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: naiman-karabi@mail.ru, 87775855458

БАҚ-тағы беделдік басқару

Бұл мақалада БАҚ саласындағы белсенділікті қалыптастыратын менеджменттің ерекшеліктері жайлы айтылады. Репутациялық менеджмент БАҚ нысандарына нарық жағдайында беделін сақтап, өздерінің рейтингілерін көтеру үшін қажет. Ол үшін белгілі репутациялық менеджменттің алғышарттарын сақтап, шыншыл, әділ, қоғамға аса қажет өзекті ақпарат беруге тырысуы керек.

Түйін сөздер: беделі, басқару, ақпарат, бұқаралық ақпарат құралдары, аудитория.

Введение

Для приобретения авторитета как у своей целевой аудитории, так и у широкой общественности, процветания любого медиаобъекта, в первую очередь, необходима репутация, ее следует

заработать, используя набор определенных медиатехнологий. «...Репутация – приобретаемая кем-либо или чем-либо общественная оценка, общее мнение о качествах, достоинствах и недостатках кого-либо или чего-либо» [1]. В наше время, когда особо развита конкуренция между

печатными изданиями, которые не в особом почете у молодежи, увлекающейся информацией новых медиа из-за их быстроты восприятия и легкодоступности, но и между электронными СМИ, репутация особо нужна. Также многие объекты масс-медиа стали стремиться к оценкам, приближенным к брендовым, что является вполне закономерным явлением. Поэтому репутационный менеджмент считается одним из актуальных элементов в характеристиках современных объектов СМИ.

Репутационный менеджмент считается актуальнейшим направлением в PR-бизнесе. Это «...система мероприятий по созданию, упрочению и поддержанию устойчивой позитивной репутации организации» [2]. (в нашем случае – редакций).

Общеизвестно, что устойчивая позитивная репутация принесет любому изданию или каналу немало выгод, которые можно сформулировать следующим образом:

Произойдет рост тиража, или время просмотра, что непременно приведет к расширению аудитории.

Позитивная репутация привлечет дополнительных спонсоров. Более уверенно будут чувствовать себя учредители.

Сравнительно большое доверие будет к публикациям, если это печатные СМИ, и к передачам, если это телеканал или радиоканал. Эксперты отмечают, что хорошая репутация организации, а в нашем случае медиаобъекта, придает в глазах потребителя, а в нашем случае аудитории, дополнительную психологическую ценность медиапродукции.

Хорошая репутация повышает доверие к рекламным и другим коммуникационным шагам, предпринимаемым объектом масс-медиа.

Задействовать кредит доверия в кризисных ситуациях. Как показывает практика, репутация помогает в кризисных ситуациях «удержаться на плаву». Если аудитория знает объект масс-медиа с самой лучшей стороны, то будет значительно проще получить отсрочку для исправления сложившейся кризисной ситуации. Это может быть просто «смягчение» кризиса. Конечно, только временно, только на первых порах, но этот временный резерв должен быть достаточным для принятия срочных антикризисных мер. Тому примером могут служить действия оппозиционной прессы в лице газеты «Дат», затем ставшей «Сол Дат», затем – «Тасжарған». Газета меняла срочно название, но оставалась, как говорится, «на плаву». Но так как в данном случае кризис для издания был, как говорится, «рукотворным»,

то есть устойчивого идеологического характера, то дальнейшей возможности удержаться «на плаву» не оставалось возможности.

Повышение самооценки персонала организации, возможность привлечения в объект масс-медиа лучших профессионалов. Это, несомненно, проблемы внутрикорпоративного PR. То есть в нашем случае – внутриредакционного. Это – повышение заработной платы, это – поощрение за хорошие публикации или сюжеты.

На этих примерах можно убедиться, что хорошая репутация абсолютно важна во всех направлениях коммуникационной деятельности масс-медиа. «...хорошая репутации – это отличный способ превращать нематериальные активы вполне материальные» [3].

Репутация имеет несколько измерений – «объективные» и «субъективные». Вот «объективные» критерии хорошей репутации, применяемые известным журналом «Fortune» при составлении рейтинга крупнейших компаний США [4]:

- качество менеджмента;
- качество продукта;
- способность привлечь и удержать квалифицированные кадры;
- финансовая прочность;
- эффективное использование корпоративных активов;
- долгосрочная инвестиционная привлекательность;
- склонность к использованию новых технологий;
- ответственное отношение к обществу и к окружающей среде в частности.

Так как объекты и субъекты масс-медиа являются не просто бизнес-объектами, а прежде всего идеологическими, то не только эти перечисленные факторы создают хорошую репутацию, но и хорошая репутация создает их, например, инвестиционную привлекательность. Почему некоторые издания продолжают функционировать и привлекать внимание аудитории и после явных «проколов». Потому что имеется аудитория, которой явно импонирует продукция таких изданий, или каналов. Поэтому следующее определение репутации наиболее приемлемо в отношении СМИ: «Репутация – это набор убеждений и ощущений, которые организация вызывает у аудитории» [2, с.53].

Возникает вопрос, какую «репутационную группу» отнести к целевой? По мнению профессора австралийской высшей школы Грэма Даулинга, можно говорить о следующих аудиторных группах, работа с которыми одинаково

важна для репутационного менеджмента организации [5].

Нормативные группы (правительство, акционеры, регулирующие инстанции и т.п.). Конечно, если объект СМИ относится к типологии явно оппозиционного характера, то рассчитывать на доверие властей, тем более правительства, немислимо.

Функциональные группы (сотрудники, профсоюзы, поставщики, дистрибьюторы и т.п.). Мнение этой аудитории создает «костяк» репутаций, который быстро становится известным другим аудиторным группам.

Диффузные группы (журналисты, общества по защите прав человека, группы активной общественности). Они транслируют репутационную оценку другим группам. Но здесь важны журналисты.

Группы конечных потребителей. Это интеллигенция, студенты, учащиеся и группы целевой аудитории, соответствующие специализации издания, канала и их основной типологии.

Только при эффективной работе с названными группами возможно осуществление репутационного менеджмента в СМИ.

Но следует также признать, что огромную роль при создании репутационного менеджмента играет и работа настоящих профессионалов, составляющих «костяк» любой редакции. Работу таких профессионалов прежде всего отличает:

- актуальность поднимаемой ими темы;
- достоверность фактов;

- злободневность проблем;
- мастерство самих журналистов, каким образом они преподносят аудиторию проблему: методы и приемы.

На нашем отечественном телевидении эти качества имеются у журналистов телеканала «Астана». При малом количестве аналитических программ выгодно отличаются следующие: «Избранное за неделю» с журналистом и телеведущим Ерланом Сисеновым, «Новый курс» с молодым журналистом Абдуловым, «Біздің уақыт» с Жайной Сламбек и «Біздің ауыл» с Айгерим Сейфоллой. Хотя в этих программах журналисты рассказывают об актуальных событиях прошлой недели, но подают их, используя и субъективные оценки событий, которые во многом могут совпадать с мнением целевой аудитории и даже с оценкой широкой общественности. А в программе «Біздің ауыл» Айгерим Сейфолла рассказывает о совершенно новых бизнес-структурах в аулах, которые создают там местные жители, притом все это подается естественно и ненавязчиво.

Заключение

Из всего сказанного можно с полной уверенностью заключить, репутационный менеджмент является необходимым элементом, частью основной характеристики любой редакции, поэтому каждый объект масс-медиа должен прилагать все усилия, чтобы завоевать свое место на рынке современных информационных структур.

Литература

- 1 Ожегов Г., Шведова И. Толковый словарь русского языка. – М., 1992. – С. 86.
- 2 Гундарин М. Книга руководителя отдела PR. – СПб., 2006. – С. 51.
- 3 Серов И. Методы PR коммуникаций. – М., 2009. – С. 120.
- 4 Все о PR. Специфика журнала «Fortune». – М., 2009.
- 5 Даулинг Грэм. Репутация и имидж предприятий. – М., 2010. – С. 46.

Referenses

- 1 Ozhegov G., Shvedova I., "Tolkovyi slovarj russkogo iazyka" M., 1992, p. 86.
- 2 Gundarin M. Kniga rukovoditelja otдела PR. St. Petersburg, 2006. p. 51.
- 3 Serov I. Methody PR communicatsyi. M. 2009, page 120.
- 4 Vse o PR. Specifica journala "Fortune", M., 2009.
- 5 Dowling Graham. Reputatsia i image predpriatij M., 2010, p. 46.

Саудбаев Мадияр

PhD доктор
Сүлейман Демирел атындағы университеті,
Қазақстан, Қаскелең к.
E-mail: madiyar_saudbaev@sdu.kz, +77019535751

«ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР» ҰҒЫМЫ МЕН ОНЫҢ ЗАМАНАУИ ЖЕЛІЛІК ҚОҒАМДАҒЫ АЛАР ОРНЫ

Мақалада «әлеуметтік желі» ұғымының тарихына оның бүгінгі қоғамдық ғылымдар саласындағы қолданысына тоқталады. Ұғым жайында отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, оның даму тарихын хронологиялық тұрғыдан сараптайды, талдау жасайды. Сондай-ақ мақалада әлеуметтік зерттеу барысында қолданылатын желілік қоғам теорияларын жан-жақты қарастырады. Оның түрлі ғылыми салалардағы трансформациясына сыни тұрғыдан анализ жасайды.

Сонымен қатар, бұл ұғымның телекоммуникация саласы мен микроэлектроникалы технологиялардың дамыған заманындағы өзгерістері мен талаптары жайында жаңа деректер ұсына отырып, оның виртуалды кеңістіктегі тұлғалардың қарым-қатынасына әсері жайында ой өрбітеді.

Түйін сөздер: әлеуметтік желілер, желілік қоғам, желі қоғамы, Интернет, журналистика.

Saudbaev Madiyar
PhD doctor
Suleyman Demirel University
Kazakhstan, Almaty
E-mail: madiyar_saudbaev@sdu.kz, +77019535751

The concept of «social network» and its place in modern network society

The article discusses the history of the concept of “social networks” and its application in modern social sciences. Taking into account the opinion of domestic and foreign researchers on the concept, analysis of the history of its development was made with a chronological point of view. And also we have been studied in detail the network theories and technologies used in the study of society. And with a critical point of view is considered a transformation of the concept in different scientific fields.

In addition, the article presents new information about the changes and requirements of this concept during the progress of the telecommunications sector and microelectronic technologies and is revealed the idea of its impact on the relationship between individuals in the virtual space.

Key words: Social network, Network society, Internet, Journalism, Sociology.

Саудбаев Мадияр
PhD доктор
Университет имени Сүлеймена Демиреля
Қазақстан, г. Алматы
E-mail: madiyar_saudbaev@sdu.kz, +77019535751

Понятие «социальные сети» и его место в современном сетевом обществе

В статье рассматривается история понятия «социальные сети» и его современное применение в социальных науках. Принимая во внимание мнение отечественных и зарубежных исследователей о понятии, был сделан анализ истории его развития с хронологической точки зрения. А также были подробно изучены сетевые теории и технологии, применяемые в процессе изуче-

ния социума. Ис критической точки зрения рассмотрена трансформация этого понятия в разных научных отраслях.

Наряду с этим, в статье представлены новые сведения об изменениях и требованиях этого понятия в период прогресса телекоммуникационной сферы и микроэлектронных технологий и раскрывается мысль о его влиянии на взаимоотношения личностей в виртуальном пространстве.

Ключевые слова: социальные сети, сетевое общество, Интернет, журналистика.

Кіріспе

Ақпараттық технологиялардың және коммуникация құралдарының дамуымен келген Интернет байланысы ақпаратты тұтынушы қауым арасында өте қатты жылдамдықпен қанат жаюда. Бұл үдеріс компьютерлер мен смартфонға қолдануды, оларды пайдалануды күнделікті өміріміздің ажырамас бір бөлігіне айналдырды. Желіаралық коммуникацияда интерактивті байланыс жоқ болғандықтан, Интернеттен бұрын компьютерді біз тек жазуда, есеп-қисап жасауда және ойын ойнауда ғана қолдандық. Интернеттің пайда болуы және оны қолданыс аясының кеңеюі кез келген ақпаратқа қол жеткізуді, сондай-ақ банк қызметі, денсаулық пен білім беру және күнделікті тұрмыстың әрбір саласына интерактивті қарым-қатынас тіршілігінің тууына себеп болды. Қалаған жеріңізден қалтаңыздағы смартфон арқылы жер жаһанның небір нүктесіндегі досыңызбен интерактивті хат алмасып, сурет, бейнебаяндар бөлісе алатын болдық. Бұл жерде олардың бір-біріне ақпараттарды қарша боратып, өзара әрекеттесу мен ықпалдасу арқылы жаңа қоғам – желі(лік) қоғамының пайда болуына түрткі болғанын көреміз.

Негізгі бөлім

«Nettsamfunn» (норвег тілінде) «желілік қоғам» немесе «желілер қоғамы» терминін норвег зерттеушісі Стайн Брэттен «Modeller av menneske og samfunn: bro mellom teori og erfaring fra sosiologi og sosialpsykologi» («Адам мен қоғамның модельдері: әлеуметтану мен әлеуметтік психологиядағы теория мен тәжірибе арасындағы көпір») атты кітабында 1981 жылы алғаш рет ауызға алған еді. Кейін бұл термин нидерландтық Ян ван Дейктің 1991 жылғы «Желілік қоғам» («De Netwerkmatschappij») кітабында, сонан кейін 1996 жылы Мануэл Кэстеллстің «Желі қоғамының тууы» («The Rise of the Network Society») атты трилогиясының «Ақпарат дәуірі: экономика, қоғам және мәдениет» атты бірінші бөлімінде бой көрсеткен-ді. Десе де, осы сөзге туыстас терминді ағылшын ғалымы Джеймс Мартин 1977 жылы «Сым-

дық қоғам: Ертең үшін талпыныс» («The Wired Society: A Challenge for Tomorrow») атты еңбегінде қолданып, журналистерге арналған Пулицер марапатына ие болғаны да бар.

Торонто университетінің ғалымы Барри Уеллман да желілер қоғамын әлеуметтік тұрғыдан зерттеді, оның алғашқы танымал жұмысы 1973 жылы жарияланды. Ал кешенді теориялық зерттеуі 1988 жылы шыққан «Желілік қала» (The Network City) еді. 1979 жылғы «The Community Question» ғылыми еңбегінде Уеллман, кез келген қоғамды және оның иерархиялық құрылымын шектеулі топтармен тізбектеп қарастырмай, оны желі түрінде қарастыру ұтымды деген ойды алға тартады [1]. Бұл ой өз кезегінде әлеуметтік желі түрінде зерттей бастаған классик ғалымдар – Якоб Леви Морено мен Джеймс Барнестердің ж.т.б пікірін жанама түрде қостаған болатын. Кейінірек, Уеллман осы теория мен ойды одан әрі жалғастырып, әлеуметтік желілер анализі теориясына индивидуалданған желілер немесе «желілік индивидуализм» деген тұжырымын ұсынады. Ғалым өзінің жоғарыдағы зерттеулерінде желі қоғамының маңызды үш тұсына тоқталады. Олар: қоғамдастық, жұмыс және ұйымдар. Оның ойынша, техникалық даму қоғамның жаңа образын – қоғамның әлеуметтенген, кеңістікке әртараптандырылған сипаттарын тудырды. Сондықтан желілерін кеңейту арқылы бір ұйымдар басқа ұйымдармен қарым-қатынас орнатып, нақты мәселелерде көмек алмасымын жүзеге асыра алады. Компьютер көмегімен коммуникация орната алу жүйесіне (EIES The Electronic Information Exchange System (электронды ақпарат айырбасы жүйесі) едәуір еңбегі сіңіп, осы саланың дамуында өзіндік үлесі бар Мюррей Турофф пен Роксанн Хилц 1978 жылы жарық көрген «The Network Nation» («Желі мемлекеті») еңбегі П. Крэйвен мен Б. Уеллмен бірігіп жазған «Желілік қала» («The Network City») еңбегіне арқа сүйей отырып жазылған еді. М. Турофф пен Р. Хилц аталмыш еңбектерінде компьютер арқылы жасалған коммуникация қоғамды түрлендіріп, оның сипатын өзгертеді деп айтқан еді. Ғалымдардың Интернет пайда болмастан бұрын болжаған жорамалдарының расқа шыққанын біз бүгін анық байқап отырмыз.

Бүгінде желі қоғамын зерттеуде өзіндік үлесі бар әлеуметтанушы ғалым М. Кэстеллстің пікіріне сүйенер болсақ, «бүгінгі қоғамның жаңа әлеуметтік морфологиясын осы желілер құрайды» [2]. 2001 жылы Берклейдегі Калифорния университетінің телеарнасында профессор Гарри Крейслердің «Conversations with History» («Тарихпенен диалог») бағдарламасына берген сұхбатында, Кэстеллс: «Желілік қоғам деп негізгі әлеуметтік құрылымдар мен оның мүшелерінің атқарар іс-шаралары электронды коммуникация желілері айналасына шоғырланған қоғамды айтамыз» – деп, желі қоғамына анықтама берді [3]. Бұл жерде қоғамда бұрыннан келе жатқан әлеуметтік формасы бар ұйымдар арасындағы әлеуметтік желілер қатынасының электронды коммуникация пайда болғаннан кейін «әлеуметтік желі» ұғымы мен оның ғылымдағы қолданысының біршама өзгергендігін байқаймыз. Яғни, микроэлектронды құрылғыларды пайдалана отырып, ақпараттарды өңдей алатын және оны басқара алатын желілер жүйесі. Желі қоғамы қиынының (логикасының) дамуы азық-түлік өндірісі мүмкіндіктерін, қоғам мүшелері арасындағы тәжірибе алмасуды, мәдениет пен билікті өзгертетін бүгінгі қоғамның базалық ұясы іспетті» – дейді, Кэстеллс жаңа әлеуметтік желі және желілік қоғамға баға берген кезде [4]. Дегенмен бұл пікірге қарсы пікір айтқан ғалымдар да бар. Солардың бірі – норвег әлеуметтанушысы Ян Ван Дейк. Ол индивидтер, топтар мен ұйымдардың желілік жүйеге деген ұмтылысын байқасақ та, олар әлі де болса қоғамның іргетасы болып саналады дейді. Адамзаттың бірігуі, қоғамдануының заманалы анықтамасына тек технологияның ғана емес, оған экономика, саясат, мәдениет және басқа көптеген факторлардың әсері мықты. Сол себептен «Желі қоғамы» деген ұғымның мағынасы «ақпараттық қоғам» терминінен әлдеқайда кең әрі ауқымды. «Ақпараттық қоғамның» сипаты көбіне технологиялардың дамуына байланысты болса, «желі қоғамы» дінге, тәрбиеге, мәдениетке және түрлі саяси ұйымдардың қалыптастырған орталарға байланысты болады. Аталмыш факторлар кейде желі қоғамының дамуына түрткі болса, енді бірде оған кедергі болатындай жайы бар. Ван Дейктің пікірінше, ақпарат бүгінгі қоғамның болмысына ықпал етсе, желілер бұл қоғамның ұйымдастырушы/құрушы формалары мен инфоқұрылымдарын қалыптастырады. М. Кэстеллстің пікірі бойынша, ақпараттардың ағым кеңістігі немесе желілердің қалыптастырған өрмегі желі қоғамы сахнасында негізгі рөл ойнайды.

Мұнда коммуникация желісінде белгіленген орталар болады, сол орталарда қауымдастықтар бір-бірімен тоғысып жатады. Қалалардағы бетке ұстар дегдарлар белгілі бір жерлерге байланбағанымен олар ағым кеңістігіне бір-біріне тоғыса байланған. Сондай-ақ, Кэстеллс қауымдастықтарға үлкен маңыз бере отырып, шынайы билік «ғаламдық қалада» емес, шынайы билік осы қауымдастықтарда деген тезисті алға тартады.

Нәтиже

Байқасаңыздар, әлеуметтік желі термині мен әлеуметтік желі анализі теориясы 1970 жылдардың орта шебінен бастап тек әлеуметтану саласы емес, қоғамның барлық саласында бірдей зерттеле бастады. Әсіресе, 1980 жылдардың аяғында электроника мәдениеті үстемдік орнатып, телекоммуникация дәуірі басталғаннан кейін желі ұғымы виртуалды немесе диджитал сипат алды. Ян Ван Дейк «желі қоғамы» жайында былай дейді: ол «кездесіп, өзара қарым-қатынастарын бетпе бет ұйымдастырудан гөрі, бірте-бірте медиажелілер және әлеуметтік желі коммуникациясына ауысып келе жатқан қоғам формасы» [5]. Дәстүрлі, дағдылы жүзбе-жүз кездесулер бұл жерде сандық технологиялармен ауыстырылған. Бұл дегеніміз – әлеуметтік желілер мен медиажелілер бүгінгінің негізгі ұйымдастырушы құралы әрі заманалы қоғамның өте маңызды құрылымын қалыптастырады деген сөз. Бұл пікірімізді Ян Ван Дейк те қостайды. Ол «Желі қоғамы» атты еңбегінде желі қоғамына сипаттама бере келе, оның болашақта алар орнына тоқталады. Оның бірінші ұсынары – бүгінгі қоғамымыздың бірте-бірте желі қоғамына айналу үдерісін бастан өткеруі. Бұл тұлғааралық, ұжымаралық және бұқаралық қатынасымдар, Интернет арқылы тұтастана түседі дегенді білдіреді. Адамдар үнемі бір-бірімен байланыста және бір-бірінің ақпараттарына қол жеткізе алатындай қарым-қатынаста бола алады. Интернетті қолдану адамға үйде не жұмыста отырып «бүкіл әлемді» көру мүмкіндігін береді. Ян ван Дейк газет, хат сияқты қағаз арқылы хабар тарату құралдарының ескіретінін және ақпарат таратудың көне түріне айналады дегенді және қосады [5]. Адам – ақпарат сандығы. Адамзат – ақпараттар сандығының желілік байланысы. Тарих қойнауынан осы күнге дейін қаншама қоғамдық фармацияларды бастан өткерсе де адам баласының ең басты қасиеттерінің бірі – айналамен ақпараттық желі орнату болып

қалмақ. Ол ауызша сөйлесіп ақпарат алмасатын орта болсын, таңба қалдырып, жазбаша хат алмассын немесе компьютер желілері арқылы коммуникация орнатса да барлық жағдайда адам баласы өзіне әлеуметтік ақпарат алмасатын желі орнатары сөзсіз. Қазіргі телекоммуникация, сымсыз байланыс және компьютерлік желілерді біз әлемді жайлаған жаңа жасанды коммуникация сферасы дей аламыз. Теле, радио толқындары, спутниктік байланыс және кабельдік желілерден құралған бұл жасанды жүйе планетаны шырмап алған бейне бір торлама тәрізді. Оның әрбір дәлізімен сәт сайын сандық (digital) форматтағы шексіз дыбыс-сигналдар, сансыз фото-көріністер мен бейне-көріністер және ұшы-қиыры жоқ жазбаша ақпараттар ары-бері толассыз ағылуда. Информацияның мына заманда осылайша жарық жылдамдығымен жарысуы, ақпараттық технологиялардың, бағдарлама жасау мүмкіндігінің күрт артуы офлайн баспасөз, креативті басылымдар, онлайн журналистика, тіл білімі, информатика, коммуникация салаларына зор ықпал ете бастады. Оның үстіне жаңа медиа саласы мамандары осы шырмауық тоқымадағы ақпараттар ағымын одан әрі жылдамдатып, олардың қолданбалық дәрежесін жетілдіре түсу үшін бар күш-қайраттарын жұмылдыруда. Ондағы «мақсат – қолдануы теледидар секілді оңай, бірақ лезде сандық әлеммен байланыс құра алатын жаңа коммуникация технологиясын ойлап табу» [6].

Ойтолқы

Жаңа коммуникация технологияларының пайда болу тарихы мен даму деңгейіне қарап, оларды бейнемәтін, телемәтін, кабельді телеарналар, сымсыз байланыс, спутниктік байланыс, электронды пошта қызметі, мульти-медиа және Интернет желілері деп топтастыруға болады. Расында, жаңа коммуникация технологияларының бүгінде тұтынушылар арасында қолданылуына, даму деңгейіне қарап, көзіміз үйренген радио мен телеарналардың таралым деңгейінен әлдеқайда ілгерілеп, қарыштап дамып кеткенін байқауға болады. Осы ретте барлық технология түрлерінің қарқынды дамуы және олардың сандық форматқа ауысуы жаңа коммуникация технологияларына тікелей әсер ету факторы өте жоғары екенін аңғарамыз. Атап айтқанда:

Компьютердің өнімділік күші, байланыс желілері, ақпаратты сақтау орындары мен оларды өңдеу жүйелері дәстүрлі коммуникация

құралдарына қарағанда, күн санап өрістеуіне септігін тигізуде;

Телекоммуникациялық жабдықтардың құнының арзандауы компьютер сияқты кейбір сандық технологиялардың құнына да әсер етуде;

Факс, мобильді телефондар, э-пошталар және компьютерлердегі күн тәртібіндегі жазба айналымы коммуникациясындағы виртуалды индивидаралық, компьютераралық желілеріндегі жаңалықтарға қарап, жаңа коммуникация ұсынған қызметтерді реттеуге, оларды біріздендіру жұмыстары өте жоғары жылдамдықпен жүргізілетінін және ары қарай да жүргізіле беретінін болжауға мүмкіндік туғызады – деп қарастырады профессор К. Қамзин [7]. Біз бұған төртінші етіп – Мобильді ақпарат/коммуникация құралдарының қарыштап дамуын қоса аламыз.

Жоғарыда айтып өткен жаңа коммуникация құралдарының бірі санатындағы Интернетті кез келген ақпаратты ала алатын және жаңа коммуникация құралдарының әлеуетін арттыратын бірден-бір фактор екенін бағамдауға болады

Жаңа медиа – кішігірім топтан құралған адамдардың online режимінде отырып бірі-бірімен хат, хабар, мәлімет пен пікір алмаса алатын және тауарларын сататын, сатып алатын сандық технология әлеміндегі жаңа коммуникация түрлерін құптайтын концепция. Сондай-ақ, адамдарға өз қауымдастығы арасында да, шынайы өмірде де дауыс беруге және дауыс жинауға мүмкіндік береді. Жаңа медианың құрылымы ерекшелігінің ең маңызды тұсы – телекоммуникация технологияларымен интеграциялануы. Екінші ерекшелігі – интерактивтілігі. Яғни, күн сайын жаңарып, коммуникация әлемінде төңкеріс жасап отырған интерактивті ақпарат құралдарының пайда болуы, интерактивтілікте әрекетпен кері әрекеттің кезектесе жүйелі түрде ұсынылуы. Яғни, қолданушы еркіне қарай телеарнаны, web-сайты, компьютер бағдарламалары мен ойындарын қолдана алуы. Үшінші ерекшелігі (техникалық) – сандық кодтармен түзілуі. Сонымен, «жаңа медиа дегеніміз – біріккен (конвергентті), интерактивті және сандық кодтармен түзілген ХХ-ХХІ ғасыр медиасы» [8].

Сонымен бүгінгі заманауи желілік қоғам дегеніміз – ақпаратты желілер жүйелері арқылы ақпаратты дамытып, өңдейтін және тарататын микроэлектроника және компьютер желілерінен тұратын, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар басқаратын желілерге негізделген әлеуметтік құрылым дей аламыз. Желілік қоғамды әлеуметтік желілер мен медиажелілер инфрақұрылымы бар және олардың барлық дең-

гейдегі (жеке, топтық, ұжымдық және қоғамдық) негізгі ұйымдастыру тәсілін іске қосатын әлеуметтік құрама деуге де болады. Десе де, әлеуметтік желіні яки желілік қоғамды екі санатқа бөліп қарастырған жөн: туыстық-таныстық желі және виртуалды желі қоғамы. Бұл ретте желілік қоғамның шекаралары бұқаралық қоғамға қарағанда, бірде кеңейеді, бірде қусырылады. Қазіргі таңда желілік қоғамның шекаралары белгісіз, олар әрі жаһандық, әрі локальді (жергілікті), кейде әзірге мұны әлеуметтік ғылымдарда «glocal» деп те атайды. (Global+local – жаһандық түрде ойлан, жергілікті түрде әрекет ет). «Glocal» қазіргі таңда медиа саласында үлкен проблемаға айналды. Қазіргі кезде ұйым мен оның құрамдас бөліктері (адамдар, топтар, ұйымдар) белгілі сағаттық белдеу және орналасқан жермен шектеліп қалмайды. Желіні біз бір бүтіннің элементтері арасындағы байланыс жүйесі деп айта

аламыз. Әлеуметтік желі терминін алғаш ғылыми айналымға ендірген Дж. Барнес секілді біз де желілік қоғамды түйіндерге бөліп қарастыра аламыз. Элементтер түйіндер болса, бір бүтінді жүйе деп атайды. Буындардың ең аз мөлшері үш, ал байланыстардың ең аз саны екі болып табылады. Қатынастар – екі буынның байланысы. Желілер табиғаттағы және қоғамдағы күрделі жүйелерді ұйымдастыру тәсіліне ұқсайды. Олар жанды жүйелерді ұйымдастырудың күрделі тәсілдері болып табылады.

Қорытынды

Желілер жаңа құбылыс емес. Жаңалық болып табылатын жағы олардың қоғамды ұйымдастырудың ескі түріне жаңа мүмкіндіктер ұсынатын микроэлектроника, деректерді тарату технологияларына негізделуі.

References

- 1 Wellman B. The Community Question: The Intimate Networks of East Yorkers // *American Journal of Sociology*. – 1979. – № 84 (5) – 1201–31pp.
- 2 Wellman B. Computer Networks as Social Networks // *Science*. – September 14, 2001. – № 293. – 2031-34 pp.
- 3 Kreisler H. Conversations with History: Manuel Castells (e-resource). TV program of University of California, Berkeley // <http://conversations.berkeley.edu/> <http://globetrotter.berkeley.edu/people/Castells/castells-con0.html>
- 4 Castells M. *The Rise of The Network Society: The Information Age: Economy, Society and Culture*. West Sussex: John Wiley & Sons, 2010. – 469 p.
- 5 Van Dijk J. *The Network Society: Social Aspects of New Media* De netwerkmaatschappij Bohn Stafleu Van Loghum, Houten; The Netherlands, 1991. – 6-40 pp.
- 6 Schiller H. *Culture, Inc.: the corporate takeover of public expression*. – New York: Oxford University Press, 1989. – 208 pages.
- 7 Kamzin K. *Zhurnalistika negizderi. Oqu quraly*. – Almaty: Qazaq universiteti, 2012-142b
- 8 Castells M., Cardoso G. *The Network Society: From Knowledge to Policy*. Washington, DC: Johns Hopkins Center for Transatlantic Relations, 2005. – 434 p.

Есенбек Жұмағали¹, Садуақасов Абай²

¹PhD доктор

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: yessenbek.zhumagali@gmail.com; 87784937192

²магистр, аға оқытушы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: abaisadu@gmail.com, +77072120097

**ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ АССАМБЛЕЯ ҚЫЗМЕТІН НАСИХАТТАУДЫҢ
ҚОҒАМДЫҚ ПІКІРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ**

Мақалада автор Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып жатқан ақпараттардың осы мәселеде қоғамдық пікір қалыптастырудағы маңызына тоқталады. Автор қоғамдағы маңызды әлеуметтік-саяси құрылымдардың бірі саналатын Ассамблея қызметін БАҚ-та насихаттауды жаңа басқышқа көтеру қажеттігін айтады.

Түйін сөздер: Қазақстан халқы Ассамблеясы, қоғамдық пікір, аудитория, ақпараттық қызмет, насихаттау, бұқаралық коммуникация, медиаөнім.

Есенбек Жұмағали¹, Садуақасов Абай²

¹PhD доктор

Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы

E-mail: yessenbek.zhumagali@gmail.com; 87784937192

²Магистр, старший преподаватель

Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы

E-mail: abaisadu@gmail.com, +77072120097

Роль Ассамблеи народа Казахстана в формировании общественного мнения

В статье рассматривается деятельность Ассамблеи народа Казахстана и подчеркивается важность формирования общественного мнения по этому вопросу в средствах массовой информации. Автор считает, что деятельность Ассамблеи – одна из наиболее важных социальных и политических структур общества, которая представляет собой новый этап, и информацию о ней необходимо увеличить в средствах массовой информации.

Ключевые слова: Ассамблея народа Казахстана, общественное мнение, аудитория, информационные службы, пропаганда, массовая коммуникация, медиа-продукт.

Esenbek Zhumagali¹, Saduakasov Abay²

¹PhD doctor

Al-Farabi Kazakh national university,
Kazakhstan, Almaty

E-mail: yessenbek.zhumagali@gmail.com; 87784937192

²Master, Senior Lecturer

Al-Farabi Kazakh national university,
Kazakhstan, Almaty

E-mail: abaisadu@gmail.com, +77072120097

The role of the assembly of the peoples of Kazakhstan in formation public opinion

The article considers the activities of the Assembly of the people of Kazakhstan and stresses the importance of forming public opinion on this issue in the media. The author believes that the activity of

the Assembly is one of the most important social and political structures of society, which represents a new stage and information about it must be increased in the mass media.

Key words: the Assembly of the Peoples of Kazakhstan, public opinion, the audience, information services, propaganda, mass communication, media product.

Кіріспе

Қоғамдық пікірді қалыптастырудағы бұқаралық ақпарат құралдарының атқаратын орасан зор қызметі ақпаратты жеткізудің жылдамдығымен, қолжетімділігімен, аудиторияны кеңінен қамтып алу мүмкіндігімен, тақырыптық аясымен (қазіргі кезде қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары қозғамайтын тақырып жоқ деуге болады), әлеуметтік бағыттылығымен (белгілі бір әлеуметтік топтың мүдделері мен пікірлерін білдіруге де қызмет етеді) сипатталады [1].

Негізгі бөлім

Елімізде ұлтаралық татулық пен бауырмалдылықты сақтауға, түрлі ұлттар мен этникалық топтардың мәдениетін дамытуға елеулі үлес қосып келе жатқан ұйымдардың бірі – Қазақстан халқы Ассамблеясы. Оның елдегі беделін сақтаудың басты кепілі жұртшылық арасында ұйым туралы оң көзқарас қалыптастыру, екінші сөзбен айтқанда, Ассамблея жайындағы қоғамдық пікірді дұрыс арнаға бағыттау болып табылады.

Өйткені журналистиканың негізгі мақсаты да осы – бұқаралық аудитория мен әлеуметтік институттарға ақпараттық қызмет көрсету. Егер белгілі бір ұйым туралы медиаөнімдер өз адресатына жетпей қалса, ол ұйымның қызметі туралы жұрт хабардар бола қалуы екіталай.

Оның үстіне журналистиканың міндеті, белгілі ғалым К. Қамзин айтпақшы, «бұқаралық аудитория мен әлеуметтік институттардың ақпараттық сұраныстарына сай олардың өмір сүруін қамтамасыз ету» [2, 76-б.] болғандықтан, Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылымдары өткізетін іс-шаралар туралы шығып жатқан ақпараттар мен хабарлар ұйым қызметін одан әрі жандандыруға, халық арасындағы беделінің артуына ықпал етеді [3].

Ауқымы кең құрылымның қызметі де көп қырлы. Сондықтан осы мақаламызда ұйым соңғы қорытынды жылында өткізген айтулы шаралардың еліміз бұқаралық ақпарат құралдарында насихатталуы жайын талқылап көрелік. Атап айтқанда, 2016 жылғы 1 шілдеде Астана қаласындағы ҚР Ұлттық музейінде жыл сайын

өткізілетін Қазақстан халқының достық фестивалі аясында Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ұйымдастыруымен Азиядағы өзара сенім шаралары кеңесі (АӨСШК) ұлттық-мәдени орталықтарының Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «әлем. XXI ғасыр»: АӨСШК елдері ынтымақтастығының жаңа перспективалары» атты азаматтық форумы өткен болатын [4].

Осы форумның қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары арқылы кең жұртшылыққа жеткізілуі көңіл көншітерілік дәрежеде болды десек қателеспейміз. Өйткені Қазақстан халқы Ассамблеясының интернет порталынан тыс, «KazInform» ХАА, «BNEWS.KZ» АА, «Деловой Казахстан», Thenews.kz, Youtube.com, vefire.ru, Liter.kz сияқты ақпарат агенттіктерінің сайттарында жан-жақты мәліметтер беріліп отырды. Соның ішінде ерекшелеп «Қазақпарат» халықаралық ақпарат агенттігін атап көрсетуге болады. Онда тек осы форумның өзіне қатысты 4 мақала жарияланған.

Ойтолқы

Бұдан тыс, телеарналар да қалыс қалған жоқ. «24 KZ», «Хабар» телеарналары екеуден және «Ұлттық арна», «Kazakh-tv.kz» телеарналары біреуден сюжет хабарлама дайындап, эфирге берген. Жалпы, осы шараның өзіне қатысты отандық бұқаралық ақпарат құралдарында 21 хабар жарияланған.

Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIV сессиясы жоғарыдағы шараға қарағанда ауқымы кең әрі айтулы оқиға болғандықтан, бұқаралық ақпарат құралдары тарапынан да ерекше белсенділік байқалды. «Ұлттық арна», «Хабар», «24 KZ» арналарында екеуден, ал «Астана ТВ», «31», «КТК», «Еуразия» сынды телеарналарда біреуден ақпараттық сюжеттер берілген.

Баспа басылымдардан Қазақстан халқы Ассамблеясының тұрақты жаршысы ретінде «Казахстанская правда» газетін келтіруге болады. Өйткені осы айтулы шараның өзіне арнап газет 10 мақала жариялаған. Салыстыру үшін айта кетейік, «Егемен Қазақстанда» екі мақала, «Liter.kz», «Express-k.kz» газеттерінде біреуден жарияланым жарық көрген. Сондай-ақ

«Казахстанская правда» басылымы жоғарыдағы мақалалардан басқа, ҚХА қызметіне қатысты инфографиканы да ұсынады.

Бұдан тыс, ғаламторда да мейлінше мол ақпараттар шығып жатты. Kazinform.kz, Bnews.kz, Strategy2050.kz, Times.kz, Деловой Портал, Капитал.kz, Tengrinews.kz, Today.kz, Inews.kz, NewTimes.kz, BestNews.kz, TheNews.kz, Объектив Казахстана, Vlast.kz, DixiNews.kz, Alau.kz, Dailynews.kz, Ortcom.kz, Bestnews.kz, Мунайлы астана, Zona.kz, InformBuro.kz, Zakon.kz, Kaztube.kz, Kivvi.kz, 365info.kz, Astanafm.kz, Meta.kz, Easttime.ru, Radiotochka.kz, kapital.kz, Newsfactory.kz, Matrica.kz, Facebook.com, Akzh.kz, News.vsetka.kz, Bounjournal.kz, Utro.ru, Avtoinsider.kz, Erkindik.kz сайттары сессия қызметі туралы ақпарат беріп отырды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметінің кеңінен насихатталуының айқын үлгісін Ассамблея XXIII сессиясының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануынан көруге болады. Шара туралы ірілі-ұсақты жалпы 91 жарияланым бұқараға жол тартты. Соның ішінде «Ұлттық арна», «Хабар», «Астана ТВ» телеарналары мен «Егемен Қазақстан» (2 мақала), «Казахстанская правда» (4) газеттері, сондай-ақ Kazinform.kz (9), Bnews.kz (3), Strategy2050.kz (10), Baq.kz (5), Today.kz (4) интернет порталдары айрықша белсенді болды.

Өткен жылдың соңына қарай Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасында Қазақстан халқы Ассамблеясының қолдауымен Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған «Нұрсұлтан Назарбаевтың үлгісі: бейбітшілік пен келісімнің 25 жылы» атты ғалымдар мен сарапшылардың халықаралық форумы өтті.

Осы шара түрлі ақпарат құралдарында түрліше тақырыппен жарық көрді. Тақырыптардың көпшілігі оған қатысушы лауазымды тұлғалардың есімімен байланыстырылды. Атап айтқанда: «Гүлшара Әбдіқалықова «Н. Назарбаевтың үлгісі: бейбітшілік пен келісімнің 25 жылы» атты форумға қатысты» – «Хабар», «Астанада «Нұрсұлтан Назарбаевтың үлгісі: бейбітшілік пен келісімнің 25 жылы» атты халықаралық форум өтті» – «Ұлттық арна», «Қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі» – «Егемен Қазақстан», «25 жыл Қазақстан тарихы үшін дәуірлік оқиғалармен өлшенетін бейбітшілік пен келісімнің шежіресіне айналды – Әбдіқалықова» – «ҚазАқпарат», «Тоғжанов: Елбасы негізін салған бейбітшілік пен келісімнің қазақстандық үлгісіне сұраныс артты» – «Қазақпарат», «Қазақстан ядролық қарудан бас тарту арқылы халықаралық

саясатқа жаңа стандарт әкелді – Мемхатшы» – «kaz.tengrinews.kz», «Астанада «Нұрсұлтан Назарбаевтың үлгісі: бейбітшілік пен келісімнің 25 жылы» халықаралық форумы өтті» – «bnews.kz», «Г. Әбдіқалықова: Қоғамдағы келісім, бірлік және тұрақтылық – мемлекеттік бәсекелестіктің негізі» – «strategy2050.kz», «Г. Әбдіқалықова: Қазақстан ядролық қарудан бас тарту арқылы халықаралық саясатқа жаңа стандарт әкелді» – «strategy2050.kz», «Қазақстан 25 жыл ішінде этникаралық қарым-қатынас саласында 180-нен астам құжатты ратификациялады – Мемхатшы» – «strategy2050.kz», «Бұл кезең бейбітшілік пен келісімнің шежіресіне айналды – Гүлшара Әбдіқалықова» – «baq.kz», «Г. Әбдіқалықова халықаралық форумға қатысты» – «Егемен Қазақстан», «Елбасы бастамалары жаһанға үлгі» – «Айқын», «Астанада «Нұрсұлтан Назарбаевтың үлгісі: бейбітшілік пен келісімнің 25 жылы» халықаралық форумы өтті» – «alashainasy.kz», «Гүлшара Әбдіқалықова «Н. Назарбаевтың үлгісі: бейбітшілік пен келісімнің 25 жылы» атты форумға қатысты» – «mail.kz», «Астанада «Нұрсұлтан Назарбаевтың үлгісі: бейбітшілік пен келісімнің 25 жылы» халықаралық форумы өтті» – «thenews.kz», т.б.

2016 жылғы 7 қараша күні Тәуелсіздік сарайында Қазақстан халқы Ассамблеясы Ғылыми-сарапшылық кеңесінің Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған кеңейтілген отырысы өтті.

Кеңес жұмысының барысында қазақстандық біртектілікті азаматтық қағидатында нығайтудың тарихи және құқықтық аспектілері қаралып, этносаралық қатынастарды бірыңғай әлеуметтік зерттеу әдіснамасының өзекті мәселелері талқыланды.

«24 Хабар» арнасында осы шара «М. Әуезовтің «Времен связующая нить» атты кітабы көпшіліктің назарына ұсынылды» тақырыбымен ұсынылды.

Ал «Ұлттық арна» «Астанада Қазақстан халқы Ассамблеясы ғылыми-сарапшылық кеңесінің отырысы өтті» деген тақырыппен жариялады. Ассамблея қызметіне ерекше көңіл бөліп келетін телеарналардың бірі «Астана ТВ-да» ол «Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай ғылыми жобалар байқауының қорытындысы жарияланды» деген атпен жарық көрді.

Еліміздің басты басылымдары бұл жолы да жансебілділік танытқанын атап өту керек. Мәселен, «Егемен Қазақстан» газеті «Қоғамдық келісім – ел дамуының негізі» тақырыбымен мақала жариялады. Ассамблея қызметін

барынша егжей-тегжейлі бақылап отыратын ақпарат құралдарының бірі strategy2050.kz сайты «ҚХА үздік ғылыми жоба бойынша республикалық байқау қорытындыларын жасады», «Қ. Ақтаева: әрбір адам этникалық шығу тегіне карамастан өзін Қазақстанның азаматы сезінуі керек» деген тақырыптармен хабар берді.

2016 жылғы 4 қарашада Талдықорған қаласында, Алматы облысының әкімшілігі ғимаратында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясы Қоғамдық келісім кеңестерінің ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Тәуелсіздік негізі – қоғамдық келісім» атты республикалық форумына ерекше тоқтала кеткен дұрыс болар еді.

Көптеген ақпарат құралдары тақырып таңдауда бұрынғы дәстүріне берік қалғанын атап көрсету керек: «Гүлшара Әбдіқалықова жұмыс сапарымен Алматы облысында болды» – «24 Хабар», «Талдықорғанда ҚХА қоғамдық келісім кеңестерінің республикалық форумы өтті» – «Ұлттық Арна», «Мемлекеттік хатшы Жетісу жерінде болды» – «Егемен Қазақстан», «Талдықорғанда республикалық форум өтті» – «inform.kz», «Мемлекеттік хатшы «Менің елім – Мәңгілік ел» акциясына қатысты» – «bnews.kz», «ҚР Мемлекеттік хатшысы ҚХА Қоғамдық келісім кеңесінің форумына қатысты» – «strategy2050.kz», «Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған республикалық форум өтті», «Г. Әбдіқалықова «Менің елім – Мәңгілік ел!» акциясының басталу рәсіміне қатысты» – «baq.kz», т.б.

2016 жылғы 2 қарашада Қазақстан халқы Ассамблеясының делегациясы Ресей Федерациясының Мәскеу қаласына ресми сапармен барды.

Шара туралы «24 Хабар» арнасында «Ресей және Еуразия халықтарының тұңғыш форумы өтті» тақырыбында, «Ұлттық Арнада» «Ресей және Еуразия халықтарының тұңғыш форумы өтті» тақырыбында хабарлар дайындалды.

Сондай-ақ «Егемен Қазақстанда» «Ынтымақтастықтың жаңа қырлары», «ҚазАқпаратта» «ҚХА Ресей және Еуразия халықтарының I Форумына қатысты», bnews.kz-те Қазақстан Халық Ассамблеясының делегациясы Мәскеуде кездесу өткізді», strategy2050.kz сайтында «ҚХА делегациясы Ресей мен Еуразия халықтарының форумына қатысты» атты мақалалар жарық көрді. Жарияланымдардың жалпы саны – 13.

Осы деректерге сүйене отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметінің бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы сандық-

сапалық көрсеткіштерге ие екендігін атап өтуге болады. Яғни, ақпараттардың көптігі олардың әсерлілігіне септігін тигізеді. Ақпараттық жағынан ұйымның қызметінде кенде болып жатқан тұстар жоқ. Алайда көптеген бұқаралық ақпарат құралдарында Ассамблея аясында өткен шаралар туралы хабар дайындау немесе мақала жазудың формасында жаңашылдық байқалмайды.

Атап айтар болсақ, дерлік барлық материалдарға тән басты ерекшелік – олардың құрылысында. Яғни олардың архитектурасына шамамен былай:

- 1) шараның өткізілгендігі айтылады;
- 2) оған қатысқандар аталады;
- 3) шараға қатысты мәліметтер келтіріледі;
- 4) қорытындыланады.

Ассамблея бойынша өткен шаралар туралы жарияланған осындай материалдардың морфологиясын шартты түрде «пресс-релиздік жоспар» деп атаған болар едік. Өйткені, кез келген іс-шараға барған журналиске, мейлі ол репортер болсын, мейлі газет тілшісі – ұйымдастырушылар жағынан шараға қатысты баспасөз релизі беріледі. Өкінішке қарай көптеген тілшілер осымен шектеледі. Екінші жағынан қарағанда, уақыт тапшылығына байланысты бұл жайтқа түсіністікпен қарауға да болатын шығар. Оның үстіне бұған жылдық жоспар бойынша өткізілетін мұндай шараларда «ешқандай сенсацияның жоқтығынан» оған деген аудиторияның қызығушылығы да шамалы болатынын қосыңыз. Осы екі себеп журналистің Ассамблея шараларын жариялауға тек ақпараттық жағынан келуіне жеткілікті негіз болады. Бірақ ұйымның еліміздегі ұлтаралық татулықты сақтаудағы орнын ескерсек, оның қызметін барынша қызықты етіп, жаңашыл бағытта жұртшылық арасында насихаттаудың маңызы айқындала түседі.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, консультациялық-кеңесші органнан конституциялық маңызды ұйым деңгейіне дейін көтерілген Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі, ол өткізіп жатқан шаралар, оның еліміздегі және сыртқы мемлекеттік саясаттағы иеленетін орны туралы қалың бұқараға ақпарат жеткілікті мөлшерде беріліп отыр. Дегенмен, материалдардың мазмұны мен формасы тұрғысынан алғанда, жаңашылдыққа қажеттілік сезінеміз.

Әдебиеттер

- 1 Гаврилов А.А. Средства воздействия СМИ на общественное сознание в условиях информационного общества // Молодой ученый. – 2012. – №8. – С. 152-155.
- 2 Қамзин К. Журналистика негіздері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 142 б.
- 3 http://www.kazinform.kz/kz/sholu-kazakstan-halky-assambleyasynyn-kyzmeti_a2918470.
- 4 Сарпеков Р.Қ. Ассамблеяның қалыптасуы және оның құқықтық даму мәселелері // <http://www.parlam.kz/sitedep/sarpekov>.

Referenses

- 1 Gavrilov.A.A. Sredstvo vozdeictvie SMI na obzhestvennoe coznanie v usloviah informazionnogo obshectvo// Molodoy uzhenny. – 2012. – №8. – С. 152-155.
- 2 Kamzin K. Zurnalistyka negizderi. Oku kurali.-Almaty.Qazak university. 2012-142 b.
- 3 http://www.kazinform.kz/kz/sholu-kazakstan-halky-assambleyasynyn-kyzmeti_a2918470.
- 4 Sarpekov R.Q. Assambleyanin qaliptasu zhane onyn qukuqtyk qaliptasu zholdary // <http://www.parlam.kz/sitedep/sarpekov>.

Есхуатова Назым

магистр, ст.преподаватель
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы
E-mail: nazim081976@mail.ru, 87773820866

ОСОБЕННОСТИ СЕТЕВОЙ ЖУРНАЛИСТИКИ В XXI ВЕКЕ И АНАЛИЗ КОНТЕНТА

Автор статьи анализирует сетевую журналистику в современном мире как мультимедийную деятельность, раскрывает особенности СМИ именно в интернет-пространстве, разъясняет свойства восприятия информации. Описывает четыре принципа связи и разнообразие информации. Раскрывает разновидности анализа, суть метода и контент в Интернете.

Ключевые слова: сетевая журналистика, контент, XXI век, анализ, метод.

Eshuatova Nazym
Master, Senior Lecturer
Al- Farabi KazNU
Kazakhstan, Almaty
E-mail: nazim081976@mail.ru, 87773820866

Features of network journalism in the 21st century and content analysis

The author of the article analyzes network journalism in the modern world as a multimedia activity, reveals media features in the Internet space, explains the properties of information perception. Describes the 4 principles of communication and the diversity of information. Then, it reveals the types of analysis, the essence of the method, and the content on the Internet.

Key words: Network journalism, content, XXI century, analysis, method.

Есхуатова Назым
магистр, аға оқытушы
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: nazim081976@mail.ru, 87773820866

XXI ғасырдағы веб-журналистикасының ерекшеліктері және контент талдау

Бұл мақаланың авторы мультимедиялық қызмет ретінде қазіргі заманғы әлемде желілік журналистикасын талдайды, бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктерін ашады да, Интернет-кеңістікте болғанда, қабылдау қасиеттерін түсіндіреді. 4 түрлі байланысын және ақпарат түрлі принципін сипаттайды. Содан кейін, Интернеттің мағынасын талдап, әдістің мәні мен мазмұнын көрсетеді.

Түйін сөздер: Желілі журналистика, мазмұны, XXI ғасыр, контент, талдау, әдіс.

Введение

Прежде всего, следует отметить, что на сегодняшний день сетевая журналистика считается наиболее продвинутой и передовой в сфере

информационных направлений. Если проанализировать мультимедийность в Интернете, то это связано с теорией двойного кодирования Аллана Пайвио, то есть совместимость визуально-пространственной матрицы и петель повторения в

модели рабочей памяти Алана Бэддли [1]. Следует заметить, что теория была разработана ученым Ричардом Э.Мейером, который доказал ее эффективность. Примечательно то, что человеческий мозг кодирует информацию двух видов: визуальную и звуковую. Казалось бы, на первый взгляд, эти две разные информации могут затруднить восприятие пользователя, но, как показали исследования, это не так. То есть «картинка» наиболее запоминается, если сопровождается вербальной (акустической) информацией. Мультимедийная информация легче воспринимается и более запоминается.

Основная часть. В процессе видео-аудио-восприятия сформировалось 4 принципа связи: пространственная, временная, согласованная и отличительная.

Мультимедийная информация наиболее привлекает аудиторию и способствует высокому уровню усвоения материала.

И тем не менее, актуальность освоения сетевой журналистики на сегодняшний день высока, но для полноценного изучения столь креативной технологии требуется, во-первых, современное оборудование. Во-вторых, программное обеспечение на высоком уровне, а это очень важно в современном мире. Практическая сторона – усвоение навыков сетевыми журналистами протекает довольно благоприятно, но все дело в уровне развития как в стране в целом, так и индивидуально сетевого журналиста. Основная проблема повышения квалификации сетевых журналистов – это материальные трудности в получении возможности обучиться у более опытных зарубежных коллег из развитых стран.

Обучение индивидуально, то есть требуется привить универсальные навыки на основе знания психологического восприятия индивидуума. Необходим определенный подход, и это неудивительно, ведь каждая личность имеет свои способности и возможности. Известно, что существует три типа людей по восприятию: визуал, аудиал, кинестетик.

«Сөз басы», «Демежан өскен орта», «Қаскүнемдік қазаны», «Дар алдында», «Ұрпақ үні» сынды бес бөлімді эсседе Демежан батырдың өмірінің ұңғыл-шұңғылына дейін байыпты суреттелген. Демеганның өмірге келуі, өсіп ер жетуі, біліммен қанаттануы, ел билеу ісіне араласуы, бәрі-бәрі шығарманың бойынан көрініс тапқан. ХІХ ғасырдағы халықтың қамын жеген, арда туған азаматтың нар тұлғасын барынша ашып, өміріне қатысты тың деректерді бере білген. Көкірегі шежірелі қазынаға толы жазушы: «Демеганды түсіну үшін ең әуелі Демежан өскен орта мен Демежан билік жүргізген ел туралы азырақ аял жасай кеткенді жөн көрдік», – дей келіп ол үкірдайлық қылған Төртуыл елінің тарихынан бастап сөздің түйінін ағытады [3,826]. «Төрт Төлекатайдан тарайтын дөртуіл, қаракерей, садыр, матай рулары тарихтан бері іргесі бөлінбеген. Сондықтан олар тарихтағы атышулы қазақ-жоңғар соғысы аяқталар мезетте, яғни 1750 жылдардың орта шенінде арқа жерінен өзінің байырғы атамекені – Тарбағатай, Алтай өңіріне қарай жылжып отырған», – деп тарихи мекенін нақты көрсетіп, оның басында болған билеушілер турасына да тоқтала кетеді [3,836].

ХІХ ғасырдағы қазақтың басынан кешкен алапат күндерді, әлеуметтік мешеу ахуалды Демежан өміріне қатысты деректермен сабақтастыра отырып, биліктің қазақтың басына салған ноктасын қыса түсіп, жағдайын тұралатқанын айтып, өткен күндердің елесін көз алдымызға келтіреді: «Демежан жасаған дәуір Тарбағатай өңірінде салық түрлері көбейіп, халықтың халі әбден ауырлап, езгі мен қанаудың қарапайым халықты әбден тұралатқан дәуірі еді. Бұрынғы «сар ноктаның салығы» күшінен қалып, оның орнына үкіметке жылына мың жылқы төлейтін салықтың жаңа түрі шыққандығын», одан да бөлек «...астық бажы, шөп бажы, отын бажы сияқты сан алуан бажы түрлері шығумен бірге халық жылына үкірдайға 120 қой, ілгідайға 100 қой, зәңгілерге 36 қой, елубасыларға 20 қой, хатшыларға 30 қой, шабармандарға 12 қой, т.б. салық төлеуге міндетті болғандығын», жығылғанға жұдырық болғандай «1888 жылдың басынан 1890 жылдың соңына дейін жүргізілген Шәуешек жаңа жамбыл құрылысы да талайдың

басын жеген алпауыт құрылыс еңбекке 300 мыңнан артық ханзу, қазақ, моңғол, дағұр, сібе, ұйғыр еңбекшілері қатынастырылғандығы» туралы айтып, өзге де халықты қыспаққа алған аяусыз қатыгездіктердің сан түрлі мысалын келтіріп, ата-бабаларымыздың өткен өмірінің қапаста өткендігін танытады [3,93 б].

Орталық Азияны тікелей өз меншігіне айналдырған Қытай мен патшалық Ресейдің Шығыс Түркістанның қазақтар жайлаған жерлерінен екі империяның шекарасын белгілеу жөніндегі істері және осы шешімнің бұл өлкені ертеден қоныстанып келген көшпелі қазақ жұртын қақ бөліп жібергені және одан кейінгі Қытай территориясындағы қазақтардың хал-ахуалы, ел мүддесін қорғаудағы Демежан батырдың ерлігі сөз болады. Оның болмысы қара пиғылдан ада, көздегені де өзге билеушілер секілді жеке бастың қамы емес, халықтың қамы. Демежан бейнесі өзі секілді ел тізгінін ұстаған билеушілерден халыққа деген ақ адал ниетімен оқ бойы озық тұрады. Қытайдың бодандығында қалған қаймана қазақтың рухани есейіп, материалдық жетілуі үшін ол барлық қажыр-қайраты мен ақылын жұмсап, халқына араша болады.

Жазушы Демежан батырдың керей, найманның үш мың үйлі жанын әділеттілікпен билеп, айналасындағыларға өте сыйлы болғандығын, әрі мәнжүр-қытай отаршылдарының озбырлығына, ел ішіндегі жылпос, түйені түгімен жұтқан мансапқорлардың кері әрекеттеріне қарсы күрескен қаһарман ретіндегі болмысын аша түсіп, өз дәуірінің беделді саяси қайраткері деңгейіне көтереді.

Тарихи эссеге тағы өң берген жайт – онда тек сол кездегі қазақтардың ғана жайынан емес, өзге де елдердің жайынан хабар бергендігі. Қазақ пен мәнжүр, сібе, солаң, дағұр шонжарлары арасында бір-бірімен қырғи қабақ алауыздықтың жиі болып тұратындығын айта келіп, мал үшін, жер үшін дау-дамайдың өрбіп тұрған дәуірін көз алдымызға келтіреді. Мәнжүр билеушілерінің қазақ пен қазақтың арасына іріткі салып, бірін-біріне айдап салу тәсілін қолданып отырғанын қазақтар өзара білмей, түсінбей қырқысып жатқан тұсында Демеганның осы қыспақтарды көріп, мәнжүр билеушілерінің әділетсіз айласұмдығына қарсы күрескен халықтың ақжолтай батыры, елінің аяулы перзенті ретінде көрінгендігін айтады.

Жазушы халық тарихындағы бір кездердегі маңызды оқиғаларды көрсете отырып, айтулы тұлғаның елі үшін атқарған мәнді істерін

нақтылы деректер негізінде ашып көрсетуге міндет арқалайды. «Демежан батыр» тарихи эссесінің өзге осы тақырыптағы әдеби туындылардан артықшылығы – басты қаһарманның өміріне, тағдырына тереңдеп еніп, дендеп бара алғандығы. Батыр туған азаматтың ерен ерліктері ешқандай қоспасыз, бүкпесіз шындықпен суреттеледі. Оның өр болмысы, халық басына түскен алмағайып кезде қасынан табылып, сөзін сөйлеп, анталаған жауға қарсы тұруы, оның батырлығына себеп болған түпкі оқиғалар егжей-тегжейлі баяндалады. Тарихи адамдар, тарихи оқиғалар бәз күйінде сипатталып, тек ақиқатқа құрылады.

«Демежан батыр» тарихи эссесі ұлт қаһарманының өр болмысын биікке көтере сипаттаған құнды дүние. Ондағы бой көрсететін жандардың барлығы да тарихта шынайы болған.

Жазушы, фольклорист, зерттеуші Зейнолла Сәнік – тарихи тақырыпта қомақты дүниелер берген, ұлттық әдебиетімізді баға жетпес қазынамен байытқан, өзгелерге ұқсамайтын өзіндік қолтаңбасы бар, бейнелеу өрнегі де өзгеше қаламгер.

Шығыс Түркістанды мекендеген қазақтардың бұрынғы-соңғы өмірі туралы жазылған үлкенді-кішілі туындылар көп. Солардың ішінде «тағдыры бөлек тарланбоз», «қара сөздің Қабдеші» атанған көрнекті қаламгер Қабдеш Жұмаділовтің шығармаларында шекараның арғы жағындағы қара көз қандастарымыздың килы-килы тағдырлары әсерлі суреттеледі.

Шығармаларының барлығы дерлік ұлттық сипатта жазылатын жазушы Қабдеш Жұмаділовтің атажұртына келген тұсынан бастап қаламгер ретіндегі бар көксемі Шыңжаң қазақтары жайлы екі көлемді дүниені ел назарына ұсыну болған көрінеді. Оның бірі – «Соңғы көш» роман-дилогиясы болса, екіншісі – «Тағдыр» атты ұлт қаһарманының шырғалаңға толы ғұмырымен бірге өрілетін халықтың езгідегі ахуалы жайлы айтулы романы. Романның басты кейіпкері – талай жырлар мен туындылардың тууына себепкер болған Демежан батыр. Қабдеш Жұмаділов Демежан бейнесін сомдауда жазушы Зейнолла Сәнік секілді нақтылы дәлдікке емес, көркемдікке барып, тарихи тұлғаның бастан кешкен өмір жолын өз романына шикізат ретінде пайдаланып, қаламгерлік қуатымен соны сипатта суреттеп, тың жатқан тақырыптың оқырманға жол тартуына себепкер болады. Жазушының болған оқиғаларды дәлдікпен емес, өзгеше қалыпқа құя отырып бейнелеп беруі – оның оқырманға эстетикалық ләззат сыйлайтын

қырларын арттырудағы түпкі мұратын таныта-тындай.

Шыңжаң өлкесінің тумасы, болашақ жазушы Қабдеш Жұмаділов төртуыл тайпасының үкірдайы Демежан батыр және оның елі үшін жасаған ерен еңбегі, сұм-дүлейлердің қастығымен дарға асылған ержүрек батырдың қасіретті тағдыры жайына бала жасынан қанық болып өседі. Бірақ зерделі оқырманының биік талғамына қылдай да қиянаты жоқ, қаламы мен қағазына адал суреткер тарихи туындының арқалар жүгін сезіне отырып, бала кезінде желдей ескен халық ауызындағы аңыз бен әпсананың жетегінде ғана қалып қоймай, тың деректерді зерттеп, сапалы дүниені ұсынуға барынша тырысады. Романды оқи отырып жазушының іргелі қағанаттың өткен тарихына барлау жасап, салты мен санасын сараптап, шекара бөлінісіне қатысты деректерге бойлап, біраз тер төккенін аңғарамыз.

Романның бас-аяғы алпауыт монархиялық патшалық үкіметтің тепкісінен зәрезап болған қазақтың 1911 жылға дейінгі ауыр халі Демежан батырдың өмірімен тығыз байланыста, бірге өріледі. Романға арқау болған негізгі оқиғаны Қытай мен Ресейдің шекараны бекітіп, киіз туырлықты, азғантай ғана қазақты екіге бөліп, бір-бірімен байланыс жасауына тигізген кері ықпалы, көшпелі қазақтың мүшкіл ахуалы құрайды.

Романның алғашқы «Жол торабы» бөлімінде екі мемлекет арасындағы шегара бөлісу мәселесі қаралып, оған қатысы Демежан батырдың іс-әрекеті, көзқарасы сөз болады. Келесі бөлімдерінде осы оқиғадан кейінгі елдің ішіндегі тұрмыс-салт жайы, шегара бөлісінің қазақ жеріндегі ел басқару жүйесіне тигізген әсері, соған қатысты қоғамда болған әлеуметтік өзгерістер, қазақ пен қытай арасындағы қарым-қатынастар, елдің ішіндегі әр алуан қақтығыстар, т.б. мәселелер суреттеледі. Романның бүкіл бітімінен шегара сызығының қазақтың басына салған лаңы, оның елдің қабырғасын қайыстырып, іргесін сөге, сергелдеңге салған жайы мен ел билеуге таласқан мансапқұмарлардың халықтың тірегіндей болған Демежанды жарға жығып, түбіне жетуі төңірегіндегі әртүрлі қақтығыстармен таныс боламыз. Жазушының шеберлігінің арқасында мемлекет ішіндегі әлеуметтік топтардың аражігін ажыратып, бірліксіз өмірдің орға жығарын анық сезіне түсеміз.

Романның басты қаһарманы Демежан жайында ғалым Р. Бердібай: «Демежан бейнесі

революцияға дейінгі дәуірде патшаның зорлығына қарсы бас көтеріп, мезгілінен ерте мерт болған көптеген тарихи қайраткерлердің тағдырын еске салады. Бұл бейненің құр қиял жемісі болмай, өмір шындығына құрылғаны да анық байқалады. Шығыс Түркістан жерінен шыққан биік саналы қазақ зиялыларының жиынтық тұлғасын Демежан басынан көре аламыз десек артық емес», – деген пікірі өте орынды айтылған [4;213]. Демежан батырдың бойынан көрініс беретін дара қасиеттері, оның қазақ қамын өзгелерден артығырақ ойлайтын ұлтжандылығы, елдің қараңғы көзін ашудағы әрекеті көпке үлгі болады.

Демежан батыр жайындағы кесек әдеби туынды жайында әдебиет зерттеушісі Р. Бердібай: ««Тағдыр» әдебиетімізде көтерілмеген, тарихтану, халықтану үшін аса қажетті тақырыптардың да мол екенін өз тарапынан дәлелдейді. Қазақтың революцияға дейінгі өмірінің айтылмаған сөздері, ақтарылмаған қатпарлары мол екені еске түседі», – дейді [4;214]. Дегенмен де, Демежан батыр жайлы кең тынысты зерттеу жүргізген жазушы Зейнолла Сәнік бұл роман турасында: «Демежан батыр жөніндегі кең тынысты, кемел құлашты кесек әдеби еңбек – «Тағдыр» романы. 1988 жылы Қазақстанда басылып шыққан бұл романның авторы Демежанға қатысты еңбектерде көп айтылатын Күдері ақынның ұрпағы болғандығы себепті сол дәуірдегі Демежанға қатысты деректерді біршама толық меңгерген, әрі оны сол дәуірдің тарихи уақиғаларымен ұштастыра отырып, оны биік әдеби өрге көтеріп, Демежан образын көркем әдебиет жолымен үлкен тұлға ретінде сомдап көрсеткен. Бірақ, ол көркем әдебиет болғандықтан, әрі кейбір жазба дерек қолына түспегендігі себепті нақты деректен басқаша кеткен жерлері де жоқ емес», – деген пікірді айтады [3,146 б]. Жазушының бұл пікірінің дәлдігіне біз романды оқи отырып көз жеткіземіз.

Роман желісінен таппаған Демежан өміріне қатысты тың деректерді Зейнолла Сәніктің «Демежан батыр» жайындағы тарихи эссесін оқи отырып, ол олқылықтың орнын толтырғандай боламыз. Зерттеушілігі мен қаламгерлігі қатар ұштасқан тұлға Демежанның туған сәтінен бастап, оның басының дарға асылған тұсына дейінгі деректердің барлығын көрсетеді.

«Демежан дүниеге келген кезде бүкіл Тарбағатайды соғыс өрті шарпыған, ел елден, әке баладан, қыз анадан айрылған қанды қырғын заман еді», – деп оның шыңдала түсуіне ықпал еткен жағдайларды баяндайды [3,89 б.].

Қилы тағдырының салдарынан әкесінен айрылып, нағашысының қолында өсуінің, кейін сол елге қалай билеуші болғандығы туралы, ел билеу сәтіндегі халыққа жасаған жақсылығы, кейін келе Демежанның орнынан дәмелілердің артына шам ала түсіп, құртуға қара таппақ болғандардың арам пиғылдарын әшкерелей суреттейді. Демежанға жабылған жаланың бес түрін анықтап көрсетеді: «Бірінші, Демежан елді дүрліктіріп, үкіметке қарсы айдап салып отыр, халық алдында халдайларды қорлады, тыныш жатқан елдің берекесін бұзды; екінші, елді отырақтандырам, егін салдырам деп көшпенді халықтың көктеу, күзеулігін талқандады; үшінші, ішкі Қытайда жазаланып, бұл жерге жер аударылып келген саяси қылмыскерлермен ауыз жаласып, солармен әуендес болды; төртінші, қазақтың ескіден келе жатқан төрелерге құрмет білдіретін көне салтын бұзды; бесінші, ел ішінде берекесіздік тудырып, бейкүнә жандарды жазықсыз абақтыға жаптырды. Сондықтан жұрт мұндай үкірдайды орнынан алдыруды талап етеді, т.б.» – деген еш негізсіз жалаларды жапқандығын санамалап береді [3.152 б]. Демежаннан бір жола құтылуды көксеген залым Мәтеннің арамза пиғылының жүзеге асқандығын суреттеу кезінде оқырманға әсерлендіре түсу үшін автор алдыңғы сарыннан өзгеше баяндауға да көше білген. Осы тұста айта кететін тағы бір жайт жазушы Зейнолла Сәніктің Демежан мен Мәтенді қол алысып, бауырластыруға Оразәлінің біраз әрекеттеніп баққаны жайлы деректі біз Қабдеш Жұмаділовтің «Тағдыр» романының желісінен кездестіре алмаймыз. Сонымен қатар Демежанға айласын асырып, ажалы келмей өмірі үзілуіне себепкер болған Мәтен мен Ысқақтың кейінгі тағдырларын да біз еш жерден кезіктірмеген едік. «Демежан батыр» тарихи эссесінің «Дар ағашы» бөлімінде Ысқақ пен Мәтеннің азапты өмірлері, өзгеге қылған қиянатының өздеріне қайта келіп, тағдырынан тепкі көргендігі де айтылады. «Ұрпақ үні» атты соңғы бөлімінде Демежан батырдың кіндігінен тараған ұрпағы мен оған қатысты әулеттердің қилы тағдырлары жайлы да деректер келтіреді. Сонымен қатар, осы туындыны оқи отырып біз Демежан батырдың айтулы ақындар Әріп, Әсеттермен рухани тамырлас болғанын, әрі өзі де сөз ұстаған ділмәр, кесек тұлға болғанын танимыз.

Демежан батыр жайындағы ел аузында қалған аңыз, қиссалар мен қаламгерлердің батыр рухын таныта түсетін кесек әдеби туындылары оның елжандылығы мен халқына деген сүйіспеншілігінің

өлшеусіз екендігін көрсетеді. Өткеннің өнегесі – батырдың халық үшін жасаған игілікті істері талай бүгінгінің баға жетпес байлығы десек, Демежан ұрпаққа үлгі болары анық.

Әдебиеттер

- 1 Нұрғали Р. Жеті томдық шығармалар жинағы. Т.2. Сөз өнерінің эстетикасы. – Астана: Фолиант, 2005. – 472 б.
- 2 Алпысбаев К. Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таным және көркемдік. – Алматы: Таймас, 2008. – 232 б.
- 3 Сәнік З. Тұғырыл хан. Демежан батыр: тарихи эсселер, ғылыми зерттеулер. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2005. – 269 б.
- 4 Бердібай Р. Тарихи роман: оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997. – 336 б.

Reference

- 1 Nurgali R. Seven-volume collection of works. V.2. Art aesthetics. Astana: Folio, 2005. – 472 p.
- 2 Alpysbayev K. Kazakh literature of historical work: knowledge and art. Almaty: Taymas, 2008. – 232 p.
- 3 Sanik Z. Tugiryl Khan. Demezhan hero: historical essays, research Almaty: Kazakhstan, 2005. 269 p.
- 4 Berdybay R. Historical novel. textbook.: Category, 1997. – 336 p.

4-бөлім
**ЭЛЕКТРОНДЫ АҚПАРАТ
ҚҰРАЛДАРЫ**

Раздел 4
**ЭЛЕКТРОННЫЕ СРЕДСТВА
ИНФОРМАЦИИ**

Section 4
**ELECTRONIC MASS
MEDIA**

Mysaeva Karlyga

Candidate of Philological Sciences, Associate Professor
Al-Farabi Kazakh national university,
Kazakhstan, Almaty
E-mail: myssayeva.kn@gmail.com,87714460320

SOCIAL MEDIA IN KAZAKHSTAN

In the article of Mysayeva K.N. "Social Media in Kazakhstan" examines the development of social media in Kazakhstan. The main purpose of social media is communication, reflection and organization of social relationships on the Internet. Special attention is given to the development and role of social media on society.

Key words: Kazakhstan, social media, communication.

Мысаева Қарлыга

Кандидат филологических наук, доцент
Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы
E-mail: myssayeva.kn@gmail.com,87714460320

Социальные медиа в Казахстане

В статье рассматриваются факторы и концепция развития социальных медиа в Казахстане. Автор отмечает, что основными целями социальных медиа являются коммуникация, построение, отражение и организация социальных взаимоотношений в Интернете. Особое внимание уделено развитию и роли социальных медиа в обществе.

Ключевые слова: Казахстан, социальные медиа, коммуникация.

Мысаева Қарлыга

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: myssayeva.kn@gmail.com,87714460320

Қазақстандағы әлеуметтік медианың дамуы

Қ. Мысаеваның «Қазақстандағы әлеуметтік медианың дамуы» мақаласында Қазақстандағы әлеуметтік медианың даму бағыттары қарастырылады. Әлеуметтік медианың басты мақсаты – коммуникация, Интернетте әлеуметтік қарым-қатынастарды қалыптастыру. Мақалада әлеуметтік медианың қоғамдағы рөлі мен дамуына ерекше назар аударылады.

Түйін сөздер: Қазақстан, әлеуметтік медиа, коммуникация.

Over the past few years in Kazakhstan Internet, access has grown significantly, increasing from a penetration rate of 18 percent in 2009 to almost 73 percent in 2015, according to the International Telecommunication Union (ITU) [1]. Official figures showed some variation. In September 2014, officials claimed that internet penetration had ex-

ceeded 75 percent [2] though in early 2016 the government's estimate stood at 72.9 per cent. [3]. The Ministry of Investments and Development reported that 82.2 percent of households had an internet connection as of January 2016. The number of mobile and fixed-line broadband connections reached 10.2 million and 2.1 million users respectively [4]. The

mobile phone penetration rate grew to 187 percent in 2015, according to the ITU [5]. According to Budde, a telecommunications research and consultancy site, overall mobile subscriber growth rates have declined due to market consolidation, reaching around 31 million subscribers in 2016. Mobile broadband penetration rates reached 61 percent in the same period. [6].

Official statistics do not provide data on the number of urban versus rural connections, but access is more limited in rural areas, where 45 percent of the population resides. Almaty—the most populous city and the business and cultural center of Kazakhstan—accounts for more than 35 percent of internet users, and for more than 55 percent of the ICT industry’s revenue [7]. A study by TNS Central Asia showed that 67.5 percent of active internet users reside in big cities [8]. Most people access the internet from their mobile devices and at home. Free access is available in various public places.

In 2015-2016 Internet, freedom declined in Kazakhstan with lengthy prison sentences handed out to social media users and the introduction of an invasive “National Security Certificate,” which may allow greater surveillance online. In Kazakhstan, regulation of the internet is heavily influenced by the authoritarian government, which blocks websites, uses the legal system to stifle free speech online, and is developing a complex infrastructure to control internet traffic. Despite increases in the numbers of people accessing the internet, with improved affordability and speed, internet freedom is deteriorating. In the past year, social media and communications apps have been cut off on several occasions; numerous blockings were recorded, affecting entire international content-sharing platforms and critical domestic news sites. Annual growth of Internet users, leaving the network at least once per month, up 11%, and for the daily audience of this figure is 14%. My World - the most popular social network in Kazakhstan - (poll results

Institute of Political Solutions). Nearly two-thirds of Kazakhstan (64%) is users of social networks, and 62.4% of them prefer other resources My World. Sociologists Institute of Political Solutions surveyed residents of 16 cities of Kazakhstan the “social network.” The frequency of the “use” of social networks, social scientists state: 28.7% use social network every day, 19.7% - once a week, 10 9% - several times a month. The most active users are the residents of the capital - 75%. Around 35.8% Kazakhstan’s are not users of social networks for different reasons. Among them - “I do not have access to the Internet” (19.8%), “no desire” (9.1%), “I do not know what it is” (6.9%). To the question, “What social network do you prefer?” the majority (62.4%) answered: “My World” (the leader in all regions, except for Astana), in second place - “Classmates” (25.9%), closes the top three Vkontakte (22.7%, mainly due to the capital user). The foreign social networks (Facebook, Twitter, Myspace), according to the respondents’ answers, unpopular in Kazakhstan society. This data conducted in June 2011 in 14 regional centers, Astana and Almaty cities. The number of respondents - 2302. The results of this research published in the website: <http://www.ipr.kz/projects/2/1/28>. An expert on social networks www.SarafannoeRadio.org laboratory published a rating of the top 20 most visited social networking Internet users in Kazakhstan, and the evaluation of social networking and Web 2.0 resources Kaznet. In the ranking presented fully functioning, are in beta testing, newly discovered and claimed, as social networks in Kazakhstan. According to this ranking more than 80% of the users of social networks in Kazakhstan, communicate in Russian. Nevertheless, the presence of the social network version of the Kazakh language, it enhances and gives loyalty to participants, and has a positive impact on the social network and their users. According to the survey the most popular social network in Kazakhstan - is Russian Moi Mir (54%), Vkontakte (26%), Classmates (14%).

Table 1

	Twitter	Facebook	VKontakte	Moi Mir	Odnoklassniki
For	6231	8004	69106	140528	37941
Against	219	209	2652	5180	1356
In total	6450	8213	71758	145708	39297

Then calculated the percentage of votes “for” and “against.”

	Twitter	Facebook	Vkontakte	Moi Mir	Odnoklassniki
For	97%	97%	96%	96%	97%
Against	3%	3%	4%	4%	3%

This table showed us remarkable regularity. The fact that the percentage was the same voted. 96-97% of opponents and supporters of the amendments 3-4% on all platforms. This suggests a relatively good representativeness of the survey. Of course, once again, there is a share of uncertainty and a

weak reflection of the views of those who have their opinion on the situation, different from those shown.

Next, we calculated the percentage of the distribution of social networking accounts among the total number of auditors. Simply this counted the total number of the accounts and the share of each social network in it.

	Twitter	Facebook	Vkontakte	Moi Mir	Odnoklassniki
For	2%	3%	26%	54%	14%
Against	2%	2%	28%	54%	14%
In total	2%	3%	26%	54%	14%

According to the most promoted by the social network in Kazakhstan became Facebook, which scored 118 mentions. The second line is Vkontakte, gaining 75 references, and the third position belongs to the microblogging network Twitter, which scored 41 references in the past month.

Outsider's rankings of popular social networks in Kazakhstan became to Flickr, Gaydпарк, Myspace, My Circle, Friendster [9].

In Kazakhstan active authors on Twitter about 40%, and it is a record figure in social media, and the growth trend twitter saved. Despite statements by a slowdown in the growth of Twitter on an international scale, in Russia, the number of fans of microblogging continues to grow quite actively.

The main trends identified:

- Number of users of social media in Kazakhstan increased the number of active writers and readers.
- The most actively growing network is Twitter.
- The number of public posts and discussion in Vkontakte remains high description of social networks in Kazakhstan.

If we look at the monthly number of messages in each of the social networks, the major growth, as well as in the statistics with the number of Twitter accounts. Despite the fact that Twitter is still primarily a platform for the elite, rating and authoritative Twitters virtually hand over their positions, the number of accounts and the flow of Twitter messages will continue to grow for the next year. This trend is strongly influenced by the tendency towards integration between different social media.

Therefore, nothing heralds the death of the blogosphere. In recent years, there has been a steady trend towards the professionalization of blogging. Social Media in the world and their influence continues to grow, penetrating deeper into the regions. The most rapidly growing and active network – Twitter. Vkontakte becomes not only a network of friends turning into a media-entertainment portal and a platform for discussion. Live Journal user's increases while reducing the authority and becoming more like online media. At the same time, online media are becoming more and more similar to social networks. Social media does not cease to users Love, and therefore Social Media Marketing will not take the position.

Social Media - is a rapidly growing business, which produces in various aspects. The development of business in social networks through online communities - is the key to creating successful relationships, strengthen marketing, allocation from the crowd. The digital age creates different media environment. Reporters are accustomed to operating in cyberspace. As noted earlier, "coverage of international events was a matter of uncomplicated" [10]: it was necessary to wait for the arrival from abroad of any vessel, to interview the passengers, and then - how to run faster to the editor to your newspaper was able to beat the competition and publish news first.

The most common objectives of the visit social networking sites have to chat with friends, upload and view photos, and participate in different online communities, dating to increase business contacts,

downloading all sorts of media files. Active users of social networks are experiencing a slight concern about the confidentiality of personal data.

The Internet is an international computer network that unites the users of computer networks and connects regional, national, local and other networks.

Without the Internet today is not the person is living. The Internet is a “bottomless pit, which filled with information” different content, open to everyone. Social Networks have long been a powerful and efficient channel of communication between brands and consumers.

Statistics show that the number of smart phone users continues to grow steadily worldwide. In developed countries such as Kazakhstan, this figure is an average of 25% per year. Therefore, the “mobilization” of users, and as a consequence, the “mobilization” of social networks should make companies more actively offer their products and services to users of smart phones and tablets.

Shortly we will see how social networks will actively improve the mobile applications to use location-based services, and create new ways for users of mobile communications.

Some Facebook users also continue to grow, and the end of 2013 will amount to 1.2-1.5 billion people projected. Advertising on Facebook is significantly increased to 3-6%. Of course, Facebook will develop and

this direction also. Rather, advertisements themselves will be better, as targeting becomes more subtle.

Many people today do not represent life without social networks. This covers the entire web without making discounts on status, gender or age. Instead of the Internet, to find the information, search, and read something useful, first, millions of people come to the personal pages of “social networks.” Psychologists say that everyone needs to be assessed from others. Social networks provide a person an excellent opportunity to show themselves, their achievements, perhaps embellished and exaggerated. Away from social networking to modern society did not succeed too well, they settled in their life. Today’s citizens do not want to be alone, and easier to find options on the Internet.

To characterize the data, we propose a three-dimensional structure: volume, temporary change, and content. Each of these parameters must be independently described, depending upon the other, and with the type of question asked. Depending on the intended use of data, representing the social media source data and the ability to measure change against the baseline will be crucial.

In conclusion characterizing the volume of messages, tweets, posts, etc. It is important when considering the framework for the activities of social media. Also, changes and fluctuations of several courses of time (e.g., daily, weekly, monthly and annual cycles), the geographical reasons, is also necessary.

References

- 1 International Telecommunication Union, “Percentage of Individuals Using the Internet,” 2000-2015, <http://bit.ly/1cblxxY>.
- 2 “The number of Internet users has reached 12 million,” [in Russian] *Kazinform*, September 19, 2014, <http://bit.ly/1Zlc3Xf>.
- 3 Official response an electronic information request on submitted to the eGov.kz portal, [in Russian] <http://bit.ly/29IIP15>, accessed on July 9, 2016.
- 4 Statistical data of the Ministry of Investments and Development [in Russian], posted on February 5, 2016, accessed on July 9, 2016, <http://bit.ly/29xF7tX>.
- 5 International Telecommunication Union, “Mobile-cellular telephone subscriptions, 2000-2015,” <http://bit.ly/1cblxxY>.
- 6 “Kazakhstan - Telecoms, Mobile and Broadband,” *Budde*, December 09, 2015, bit.ly/1Qic4TS.
- 7 “Revenue of enterprises providing internet access by regions as of January 2015,” [in Russian] *Ranking*, February 24, 2015, <http://bit.ly/1DNjp8a>.
- 8 “Internet audience of Kazakhstan: User portrait and preferences,” [in Russian] *Forbes.kz*, July 28, 2015, bit.ly/1RFwrzM.
- 9 <http://www.GlobalWebIndex.com>
- 10 <http://www.Twitter.lets.imaging>, 2011).

Бакеева Мадина

Т.К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: m.bakeyeva@mail.ru,+77019979976

ТЕЛЕВИДЕНИЕДЕГІ ТОК-ШОУ ЖАНРЫНЫҢ ДАМУ ҮРДІСІ МЕН ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ

Зерттеудің басты мақсаты телевизиядағы ток-шоу жанрының қалыптасу кезеңдерін қарастыру. Ток-шоу жанрының телевизиялық бағыттағы элементтерін талдау. Еліміздің мәдениетінің қалыптасуына ток-шоу бағдарламаларының қосқан үлесі.

Түйін сөздер: телевизия, жанр, ток-шоу т.б.

Бакеева Мадина

Казахская национальная академия искусств имени Т.Жургенова
Қазақстан, г. Алматы
E-mail: m.bakeyeva@mail.ru,+77019979976

Этапы формирования и развития жанра ток-шоу на телевидении

Целью исследования является изучение истории и процесса формирования жанровых признаков ток-шоу на ТВ. Рассматриваются проблемы зрелищности ток-шоу в сочетании с проблемами культурного строительства страны. Автор считает, что визуальная культура восприятия доминирует, оставляя «за кадром» воспитательный аспект телевизионного продукта.

Ключевые слова: телевидение, жанр, ток-шоу, функции, визуальное восприятие, воспитательный аспект.

Bakeeva Madina

T.K. Zhurgenov Kazakh national academy of Arts
Kazakhstan, Almaty
E-mail: m.bakeyeva@mail.ru,+77019979976

Process of inception and development of talk show the genre on TV

The purpose of the research is to analyze and study of the genre of studio discussion on TV. We consider the presence of elements in the popular television direction - the studio discussion. Problems of spectacularity of the studio discussion should be combined with the problems of cultural development of the country. Visual culture of perceptions dominates, leaving a "behind-the-scenes" aspect of educational television product.

Key words: TV, genre, talk show, etc.

Кіріспе

Қазақ телевидениесіне ток-шоу форматындағы бағдарламалардың келуімен бірге саяси-қоғамдық мәселелер жаңа бейнеге ие болды. Олардың шешілу жолдары медиа кеңістікте кең етек жайды. XXI ғасырдың алғашқы он жылдығында әлеуметтік желілерде де көріністерін тапты. Талқыға кел-

генде студия қонақтарымен бірге халықтың басым көпшілігі үйлерінде теледидар немесе әлеуметтік желі форматтары арқылы ток-шоуда қозғалған мәселерге етене қатысып отырды. Халық ой пікірлерін XX ғасырдың соңындағыдай студияға қоңырау шалу, смс хаттары арқылы ғана емес, бүгінгі күні интернет берген мүмкіндіктері арқылы, ал ол ең алдымен асқан жылдамдық пен кең

әлеуметті кеңістік сияқты қол жетімді тәсілдер, әлеуметтік желілер арқылы емін-еркін пікір білдіруге қол жеткізді. Бұл жерде интернет пен әлеуметтік желілерден бөлек тағы бір ерекше атап өтетін өзгерістердің кең орын алып жатқанын атап өткен жөн. Мәселен, әлемдік медиа холдингтер XXI ғасырдың басынан-ақ түбегейлі сандық хабар тарату әдісіне ауыса бастады. BBC, CNN, FOX, т.б. хабар тарату алыптары заман талабына сай жаңа ағымда көш бастап келеді. Сандық технологиялардың хабар таратуда ескі форматтармен салыстырғанда бүгінде беретін артықшылығы оның жоғары сапаға көшуі, экран форматының тұтынушылар арасына кең тараған 16:9 түріне ауысуы, т.б. факторларды атап өтуге болады. Сондай-ақ, компьютерлік мониторлар, смартфондар және планшет секілді жаңа технологиялық мультимедиа құралдары жаңа бейне форматтарды талап етті. Бүкіл әлемдік технологиялық жаһандануға бейімделу қажеттілігі өзіндігінен туындай бастады. Ақпарат қабылдау барысында бейнеге үлкен назар аударылатындықтан оның сапалық және форматтық өзгеріске ұшырауы заңды құбылыс деп есептесек те болады.

Негізгі бөлім

Сандық технологиялардың ілгерілеуі ток-шоу секілді телевизиялық бағдарламаларда үлкен мүмкіндіктер туғызуда. Мәселен, 4:3 форматта түсірілген студиялық бағдарламалар алғашында экранға тек жүргізуші мен студия қонақтарының бір бөлігін ғана енгізе алған болса, бүгінде ортада жүргізушіні, ал көрермендерді экранның екі жағынан да еркін сыйдырып көрсете алады. Бұндай тәсіл экран көрермендеріне студия кеңістігінен бөлек, студия қонақтарының көлемін, сан алуандығын көрсете алады. Яғни, жүргізуші немесе бағдарлама қозғап отырған тақырыптың едәуір үлкен қоғамдық қатынаста, әлеуметтік байланыста екендігін көрсетеді. Сол арқылы экран алдындағы көрермендерде өзекті мәселелерге үлкен қызығушылық туғызып, атсалысуға ынталығын күшейтеді. Міне, дәл осындай эмоционалдық әсер ету құралдары арқылы үлкен арналар өздерінің рейтингтік көрсеткіштерін ұлғайтуда. Интернет сайттар қосылғыштар мен көрермен сандарын арттыруда. Бұл өз тарапынан медиа холдингтер мен интернет кеңістігіндегі кәсіптік мақсаттағы тұлғаларға коммерциялық пайдаларын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Әсер ету құралдарының медиа хабар тарату кеңістігінде үлкен мүмкіндіктерге ие болуына жоғарыда айтып өткендей телевизиялық форматтың 4:3 тен 16:9-ға өтуі. Кино саласында

кеңінен дамыған режиссерлық, операторлық, монтаждық тәсіл үрдістер мен аудио-визуалдық заңдылықтары (кадр композициясы, музыкалық сүйемелдеу, мизансцена, жарық қою, пландық композиция, т.б.) әсер ету құралдары ендігі сәтте телевидениеде, соның ішінде тікелей эфирде немесе алдын ала түсіріліп алынған бағдарламаларда кең қолданыла бастады. Тікелей эфир барысында кәсіби оператор маман 16:9 форматын кеңінен пайдалана алады. Телевидение саласында кино саласындағыдай кадр композициясының мүмкіндігін кеңінен қолдана бастады.

“Кадр композициясы – көріністік мағлұмат беру үшін әрі автордың ойын жеткізу мақсатында кадр көлемінде детальдар мен заттарды көрсету әрі оларды сол арада орнықтыру”. [1,376 б.]. Кадр композициясын “золотое сечение” немесе перспективалық план қою, линейная композиция, вертикалды және де горизонталды композиция жасау, план ірілігін алыстату мен жақындату мүмкіндіктерін кеңінен пайдалана отырып, экран сыртындағы көрерменге кейіпкердің көңіл күйін терең үңілдіре көрсете де алады. Немесе үлкен рейтингтік көрсеткіштерге ие “ірі” каналдың ток-шоуға арнап жасаған декорациялық қойылымдарын терең, әрі әсерлі етіп көрсете алады. Бұл жерде композицияның атқаратын ерекше еңбегін F. Әбілдинаның “Телевизия өнері: теориясы мен технологиясы” атты кітабында берген анықтамасы арқылы түсінуге болады: “Композиция – бұл жасау, қарастыру, шығармашылықтың заңды құрылымы, оның белгілі бөліктерінің арақатынасы (компоненттер) арқылы тұтас дүниенің жасалуы [1,35 б.]. Осы күні телевизия режиссерлерінің кадр ішіндегі нысандарды алдыңғы немесе артқы планға ығыстырып, кейіпкерлерді бір-біріне симметриялық тұрғыда орналастыруға, композициялық баланс жасауына, экран аумағында қажетсіз, артық элементтерден құтылуға қолдары жетті. Мәселен, бір кадр көлемінде жүргізушінің екі жағында орналасқан екі қонақты көрсеткен сәтте, экран аумағында 4:3 форматындағы еден мен төбенің көлемі азайып, назар тек ортадағы жүргізуші мен оның екі шетіндегі қонақтарға ауды. Және де бір мысал: кинода диалогқа құрылған сахналарда кеңінен қолданылатын түсіру әдісі “сегіздік” (орысша – “восьмерка”), қонақ пен жүргізушінің әңгімесін аса ірі планда, тек көздерін алып түсіре алатындай мүмкіндік береді. Сондай-ақ кейіпкерлердің арасында жақындатпай, студияда орналасқан орнында қозғалтпай түсіруге жол туғызды. Бұндай түсіру тәсілдерін дөңгелек үстелдерде жиі қолданады. “Ток-шоудың” қарапайым үлгісі әбден ысылып кәсіптенген интервьюерлердің қолынан ғана келеді. Ол дөңгелек үстелдер деп аталады” [1,276.].

Сондай-ақ, қазіргі таңда ешбір ток шоу бағдарламасы белгілі бір тақырыпқа немесе кейіпкерге байланысты видео сюжетсіз өтпейді. Сан алуан тағдырлармен сұрақтарына жауап іздеп келген, елдің түкпір-түкпірінен келген кейіпкерлер туралы ақпаратты жүргізушінің ұзақ баяндамасынан гөрі видео сюжет ретінде көрген ыңғайлы. Әрі әсерлі етіп көрерменге жеткізіп, жүрегін желбіретіп, ойын толғандыруға арнайы ойластырылып түсірілген, мейлінше мағлұматты да, көркем жеткізудің таптырмас жолдарының бірі – осы видео сюжет. Алайда, жоғарыда атап өткендей 4:3 форматы авторлардың шығармашылық мүмкіндіктерін толығымен ашуға толықтай келісімен, экран форматының заманға сай өзгеруінен сюжеттік репортаждарды да көркемдік үлгіде түсіруге көмектесті. Осындай әсерлі режиссерлық тәсілдер арқылы ток-шоудың тақырыптарына тереңірек үңілуге және кейіпкерлердің тағдырына тереңінен енуге септігін тигізді.

Сандық технологиялар қазіргі уақытта өмір сүріп жатқан қоғамды шынайы көрсетуге мүмкіндік алды. Жоғары сападағы бейне камералар осы күнгі болмысты жоғары сапалы матрицалардан өткізіп, ешбір сандық жоғалтусыз, түстер мен жарықты өте терең алуға шамасы жетеді. Ақты анық ақ етіп, қараны нақты қара етіп көрсетеді. Тіпті ауыр күйге душар болған кейіпкердің жас тамшысын, қуаныштан күлкісін тия алмағанның шынайы күлкіден ғана пайда болатын нағыз әжімдерді беретін сапаға жетіп отырмыз. Әрине, бұл түсірілімдер көбіне сюжет түсіру барысында қолдануға тиімді. Алайда, студияда да неше түрлі оқиғалар орын алып отырады. Студия ауқымында түсірілетін дүниелер жаңа технологиялармен бірге сандық жүйеде басқарылатын жарық құрылғыларын да талап етеді. XX ғасырдың соңына дейін кейбір студиялар әлі де ескірген, қолмен түзеуге тура келетін құрылғыларды пайдаланып келді. Ал бүгінде, ақпараттың жылдам, әрі қызып тұрған сәтінде көрерменге жеткізуге талпынған уақытта жарық құралдарын арнайы басқару құрылғысы арқылы жүзеге асырылып отырады.

Оған қоса осы құрылғы көмегімен жарықтың арнайы құрылғыларын пайдалана отырып, белгілі бір пішіндегі суреттер салуға мүмкіндік бар.

Міне, жасаймын деген адамға бір қарағанда барлық мүмкіндік бар. Елдің тұрмыс жағдайын зерттеуге, терең ашуға, талқыға салуға үлес қосып отырған отандық ток-шоулардың еңбегі зор. “Айтуға оңай”, “Сөздің шыны керек”, “Айтылмаған әңгіме”, т.б. ток шоулардың қазақ қоғамының ішкі толғаныстарын зерттей келе, сырттан төну қаупі бар факторлардан қорғануға, өзімізді бүгінде қандай қоғам екенімізді түсініп білуге, қазақи болмысымызды тануға экрандарын қосып беруде. Атап өтетін тағы бір кезең, ол әрине, елімізге танымал рейтингі жоғары Қазақстан Ұлттық телеарнасы жайында сөз қозғасак. Бүгінде «Қазақстан» Ұлттық телеарнасы елдегі негізгі ақпараттық ресурс саналады. Қызықты бағдарламалар мен ең оперативті ақпарат көрермендердің көңілін табуға. Ұлттық арна алғашқы хабарын 1958 жылы 8 наурызда таратқан. Содан бері бірнеше ұрпаққа танымал мыңдаған қызықты жобалар жарыққа шықты. Қазір әлемнің әр түкпіріндегі телекөрермендердің телеарналардан онлайн режимде тікелей эфирді тамашалай алатын мүмкіндігі бар. Бұл мүмкіндіктен біздің сайт та шет қалмады. Телеарнаның тегін тікелей эфирі кез келген жанға қолжетімді. 2011 жылдан бастап телеарна толықтай қазақ тілінде хабар таратуға көшті және бүгінде барлық бағдарламаларды қазақи жобалар құрайды.

Қорытынды

Әрине, көптеген жаңа жаһандық технологиялардың келуімен біздің қарапайым өмірді қабылдауымыз бұрынғыдан өзгешерек болып барады. Кез келген уақытта, кез келген жерде, кез келген ақпаратты суырып алып, оқып та, естіп те, көре де аламыз. Жаңа техника жаңаша пайдалану үрдісін талап етеді. Жаңа құрылғыларды басқара алатын, тілін жетік меңгерген мамандарды талап етеді. Ал ондай мамандар біздің елде жеткілікті ме? Әлде сырт мемлекеттерден мамандарды жалдаған дұрыс па? Бұл да бір ток-шоуға өзекті тақырып болып тұрғаны сөзсіз...

Әдебиеттер

- 1 Әбілдина Ғ. “Телевизия өнері: теориясы мен технологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012.
- 2 kaztv.kaztrk.kz/
- 3 Ақпараттық бағдарламаның (жаңалық) жасалуы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012.
- 4 Телевизионная журналистика: учебник. – 4-е издание. – М.: МГУ, 2002.
- 5 Муратов С.А. Телевизионное общение в кадре и за кадром. – М., 2007.
- 6 Телевизионное общение в кадре и за кадром. – М.: Аспект Пресс, 2007.

Ложникова Ольга

Старший преподаватель
Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы
E-mail: ol_loj@mail.ru, 87772555583

СЦЕНАРНЫЙ ПЛАН И РЕЖИССУРА НА СТУДЕНЧЕСКОМ РАДИО

В статье говорится о том, что написание радиосценария - это создание записи разговорного материала, а представление текста сценария перед микрофоном является лишь «возвращением» записанного и сохраненного разговора. Ведущий должен создать у слушателя впечатление, что он разговаривает с аудиторией, а не читает написанный заранее текст. Автором рассматриваются особенности работы в прямом эфире на примере студенческого радио аль-Фараби.

Ключевые слова: сценарный план, режиссура, радио, монтаж, радиоведущий.

Lozhnikova Olga

Senior Lecturer
Al-Farabi Kazakh national university,
Kazakhstan, Almaty
E-mail: ol_loj@mail.ru, 87772555583

Scenario and directing on student radio

The article says that writing a radio script is creating a record of the spoken material, and the presentation of the text of the script before the microphone is just a “return” of the recorded and saved conversation. The facilitator should create the impression of the listener that he is talking with the audience, and does not read the text written beforehand. The author examines the features of working on the air using the example of student radio al-Farabi.

Key words: Scenario plan, direction, radio, montage, radio host.

Ложникова Ольга

Аға оқытушы
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: ol_loj@mail.ru, 87772555583

Бағдарламалық жоспар және студенттік радиодағы режиссура

Аталмыш мақалада радио бағдарламасы дегеніміз – материалдың жазылуы, бағдарламаның мәтінін алдын ала микрофонға жазып ұсыну болып табылады. Жазылған әңгімені «қайтаруға» және сақтауға болады. Жүргізуші жүргізер алдына берілген мәтінді оқымай, ол аудиториямен сөйлесіп отырғанын сезіне білу керек. Автор студенттік әл-Фараби радио толқынындағы тікелей эфирдегі ерекшеліктерді, бағдарламаларды бақылайды.

Түйін сөздер: бағдарламалық жоспары, режиссура, радио, монтаждау, радиожүргізуші.

Введение

Написание радиосценария – это создание записи разговорного материала, а представление

текста сценария перед микрофоном является лишь «возвращением» записанного и сохраненного разговора. Весь процесс должен создать у слушателя впечатление, что радиокomentатор разговаривает

со слушателем, а не читает написанный заранее текст. Конечно, чтобы произвести такое впечатление, требуется специальная подготовка, но звучать текст должен искренне и непринужденно.

Безусловно, каждый должен найти свой собственный путь; стиль, подобный данному, рассчитан на спокойный двадцатиминутный разговор и вряд ли подойдет для передачи новостей в сводке последних известий: в этом случае текст должен быть написан гораздо более сжато.

Любой текст труден для чтения. Но для этого есть объективные причины, и важно осознать, что процесс написания слов на бумаге – это очень «грубая» форма сохранения текста. Она не дает вам и половины того, что вы хотите, имея целью добиться недвусмысленного понимания. Она, к примеру, не дает вам никаких идей о том, что должно быть акцентировано. Можно подчеркнуть несколько слов, но это не решит проблемы. Написанные слова не обеспечивают никакого определения их желаемому звучанию, образу сказанного предложения, а ведь большая часть значений слов и фраз передается именно тонкостью интонации. Страница текста никогда не скажет, как она должна звучать с точки зрения скорости или где должна быть пауза. Слова отражают лишь смысл, не более того. Радио является средством информации, которое чрезвычайно легко выключить; вы говорите для людей, свободных в своих действиях, так что самое первое предложение должно быть интересным. Поэтому не стоит тратить много времени на «погружение» в тему разговора, а есть смысл начать с очень интересной, относящейся к делу идеи, или хотя бы с чего-то необычного. А затем нужно развивать мысль таким образом, чтобы было понятно, о чем вы говорите: не дайте слушателю ни на секунду усомниться в полезности прослушиваемого!

Основная часть

«Первое предложение должно заинтересовать, второе – дать информацию». Это «золотое правило» крайне упрощено, но идея в нем заключена правильная. Теперь вы просматриваете ваш список пунктов, логически соединяете их друг с другом, нанизываете их последовательно, как бусы на нить. И всегда ясно понимайте то, что вы делаете [1].

Последнее утверждение следует объяснить подробнее: если вы подошли к трудному месту в сценарии, можно включить фразу: «Как я могу это объяснить?» Впоследствии это явится

сигналом, что вы можете приступить к расширению темы. Или вы можете закончить пункт и подсоединить его к следующему – при помощи слов: «Пойдем дальше и посмотрим, что это практически нам даст». Для вашей аудитории это будет ясным показателем, что вы хотите представить новую тему (в данном случае, переходя от теории к практике). Такие «индикаторы» обычно называются «указателями», и в сценарии их довольно много. Проблема в том, что в написанном виде, они могут показаться довольно нудными, но на напечатанном листе они выглядят гораздо более практично – в виде заголовков параграфов. Когда материал читается, они звучат вполне подходяще; несомненно, без таких «указателей» слушателю легко потерять ход ваших мыслей.

Следует еще раз отметить, что общий стиль речи на вещании должен быть разговорным. Это не значит, что он должен быть небрежным или случайным: некоторые беседы могут носить официальный характер, при написании текста новостей выбирают более сжатую форму изложения. Но когда журналист пишет короткие рубрики для радиожурнала, составляет прогноз погоды или гороскоп, обзор печати, они должны звучать не как литературное произведение, а как разговор между людьми.

После записи отдельных фрагментов программы она нуждается в монтаже.

Технические приемы исполнения монтажа также очень разнообразны. Первый и наиболее простой – это монтаж «встык», когда формирующие элементы, а именно акустические выразительные средства, идут друг за другом без пауз [2].

Сочетание разных вариантов монтажа позволяет добиться в каждом конкретном случае максимальной выразительности и реальности звукового изображения. Поэтому при выборе варианта монтажа нужно следовать принципам целесообразности, правдивости, выразительности, сочетаемости отрывков литературного текста и акустических средств, художественным замыслом. Правильно подобранный способ монтажа может создавать дополнительные нетекстовые образы и эффекты воздействия на эмоции слушателей.

«Прямой эфир – это всегда фиксация мгновения, *описание ситуации* устами ведущего-журналиста. Отсюда неизбежна субъективная форма изложения, когда автор с полным правом говорит от первого лица, от своего «я» о своем видении события и о своем впечатлении. А значит, именно в этом случае

требуется особая индивидуализация языка, голоса, манеры повествования» [3].

Вот, например, как по-разному начинают передачи ведущие на радио Аль-Фараби:

Катя: *Доброе утро всем, кто в данный час решил настроиться на радио Аль-Фараби и в ближайшие 10 минут в эфире с рубрикой «Культурная лавка» буду я Мороз Екатерина и моя соведущая Манке Асель Ну что ж, мы готовы начинать.*

Асель: *Даже в век цифровых технологий люди очень любят книги. Чаще, как дань современности, произведения читают в электронном формате, но бумажные книги еще долго будут не только существовать, но и находить своих почитателей. Но сейчас мы задаемся таким вопросом, есть ли современные казахские авторы? И пользуются ли они популярностью среди наших граждан или за пределами страны?*

(Сценарий передачи радио «Аль-Фараби» от 19.04.2017)

У следующей пары ведущих своя манера ведения передачи:

Салтанат: *Доброе утро, уважаемые радиослушатели!*

Тамила: *Мы надеемся, что утро у Вас действительно доброе, ведь за окном наипрекраснейшая погода. Не побоюсь опередить метеорологов, но проблески весны уже дают о себе знать! Не так ли, Салтанат?*

Салтанат: *Абсолютно с тобой согласна, Тамила! Да это даже по тебе заметно. Ты сегодня особенно красивая, весёлая, жизнерадостная. Тебя выдаёт твой румянец на щеках... хм, а ведь это неспроста, давай колись, кому надо сказать спасибо?*

Тамила: *Эххх...расколола! Всё, я снимаю шляпу перед Вами, Салтанат! Сегодня прекрасный день, этому свидетельство прекрасная погода и весь Казахстан, которому мы хотим поведать об отечественных новостях из мира шоу-бизнеса.*

Салтанат: *Да, уважаемые друзья, мы раскрываем карты!*

(Сценарий прямого эфира радио «Аль-Фараби» от 05.04.2017)

Проблемы возникают, когда передачи станции являются достаточно разноплановыми: материалы информационных агентств, «живые» передачи новостей, программы, не содержащие рекламу. Комментатор, читающий новости республиканского масштаба, должен избегать некоторых особенностей произношения, вполне допустимых в передаче, основанной на чтении материала с сайта университета (где обработка

информации совершенно иная). Редактор новостей должен прослушивать все передачи новостей, идущие в эфир, независимо от их источника, – и, соответственно, давать советы диктору. Слушатели крайне чувствительны к неправильному произношению близких им имен и названий. Радиостанция, на которой неправильно произносятся местные географические названия, теряет доверие слушателей; дикторы, неверно произносящие имена людей, считаются невоспитанными или невежественными. Сложность в том, что сами слушатели могут быть не согласны с правильной формой произношения. Тем не менее, радио должно прилагать энергичные усилия для обеспечения последовательной обработки географических названий в своем районе. Политика станции – изучение фонетических особенностей произношения «образованной части местного населения»; новый сотрудник, поступающий в штат станции, должен как можно скорее с ними познакомиться.

Прямой эфир очень разнообразен тематически. Предлогом для его проведения могут быть и спортивные соревнования, и культурно-массовые мероприятия, и приезд интересной личности. Обязательное условие – корреспондент должен быть непосредственно на месте события, принимать в нем участие, чтобы с полным правом рассказать о нем точно и увлекательно. Но именно это условие в определенной мере часто сужает выбор темы для прямого репортажа. В основном этот выбор реален в том случае, если мероприятие или намечено заранее (спортивный матч, официальный визит, премьеры спектакля и т.п.), или на место события есть возможность попасть, пока оно еще длится (стихийное бедствие, пожар, несанкционированный митинг и т.п.); если корреспондент непреднамеренно оказался на месте события и имеет возможность сделать аудиозапись или если репортаж делается непосредственно после события, когда есть возможность опросить очевидцев [4].

Особенности работы над программой как в прямом эфире, так и в условиях студии подразумевает неперенное взаимодействие журналиста и радиорежиссера в любом направлении радиовещания, а особенно в радиопублицистике, где ведущий программы вместе с режиссером добиваются наиболее значительного рационального и эмоционального наполнения программы, будь то выпуск новостей, интервью, беседа в студии, ток-шоу, развлекательная программа и т.п.

Надлежит помнить бесспорную истину, что радиожурналист является не только автором собственной передачи, но ее исполнителем. Поэтому в качестве ведущего программы он должен иметь представление в определенной степени об основах актерского мастерства, понимать и располагать информацией об особенностях деятельности режиссера на радио, владеть режиссерскими навыками. Это, несомненно, поможет ему в повседневной работе, ведь, к сожалению, режиссер на небольшой радиостанции приходит на помощь не всегда.

Вот, например, одна из передач студенческого радио Аль-Фараби:

Саиа: Здравствуйте дорогие радиослушатели! Погода за окном начала нас баловать солнечными теплыми деньками, но иногда ещё шутит дождем и даже снегом!

Адиль: Но наше настроение ничем не испортить! Сегодня в эфире Александра Терпиловская

Саиа: и Адиль Рымбек.

Адиль: Тема нашего эфира: Юмор. Позитив. И влияние его на нашу жизнь. Смех — загадка природы. Мы знаем множество полезных свойств смеха, но пока не можем ответить на самый главный вопрос: зачем природа наградила нас смехом? Впрочем, кое-что о смехе всё-таки известно.

Саиа: Но самое интересное, что на нашем телевизионном поприще существуют десятки юмористические программ. А ведущее место занимает, конечно же программа КВН. Шоу-игра охватила не одну страну, организывают подобные программы, ведут ожесточённую борьбу за титул самых смешных юмористов.

Адиль: и наш университет не исключение. В нем есть команда КВН. И один из участников сегодня в нашей студии.

(Сценарий прямого эфира радио «Аль-Фараби» от 12.04.2017)

Коммерческое вещание в начале своего существования обходилось без профессиональных режиссеров. Соответствующий технический уровень записи и воспроизведения, нужные музыкальные наложения производили звукорежиссеры (саунд-дизайнеры). Журналисты в меру своего профессионального мастерства, понимания особенностей станции или канала и выразительных средств радиожурналистики сами составляли свою передачу, программу или программный блок, сообщая им определенное своеобразие. Но отсутствие работы радиорежиссера очень скоро стало сказываться на качестве конкретных передач и вещания в целом.

Режиссер информационного и публицистического вещания работает не с артистами, а с журналистами радио – авторами, которые в то же время и озвучивают свои передачи, и с гостями программы – людьми, которые как правило, в первый раз пришли в студию. Но принципы, методы и приемы, разработанные мастерами художественного вещания, оказываются полезными и здесь.

При этом очень значимо, чтобы режиссер радио видел единую панораму не только собственной конкретной передачи, но и всей программы, канала, отчетливо представлял бы себе своеобразие данной радиостанции. Тогда программы, создаваемые им в тесном творческом сотрудничестве с журналистом, который часто является автором, исполнителями, саунд-дизайнером, музыкальным редактором, продюсером, будут, с одной стороны, колоритными самостоятельными работами, с другой – характерным элементом вещания данной станции, неотделимой составной частью акустического образа, который сложился у канала – в зависимости от проблематики, формата, направленности, адресности, тематики выпусков и т.п.

Выводы

Режиссер и журналист не должны чувствовать себя автоматическими исполнителями чьей-то идеи или какого-либо заказа. Они должны быть создателями, иметь свою точку зрения, способность говорить «нет», высокими нравственными устоями, значительной культурой и безупречным вкусом. Эти качества позволят и корреспонденту, и автору, и радиорежиссеру обрести свое своеобразие и стать заметной фигурой на канале.

Профессиональный режиссер, даже если у него есть профессиональные помощники (операторы, наладчики, звукорежиссеры), должен уметь все делать сам. Это дает ему свободу действий, оказывает поддержку в творческих поисках и экономит время.

Творческая работа режиссера над передачей начинается с его знакомства с текстом. В связи с оперативной обстановкой ознакомление с текстом, как правило, происходит персонально. Лучше всего, конечно, было бы собрать всю творческую группу: журналиста, ведущего (диктора), режиссера, музыкального редактора, саунд-дизайнера и исполнителей. И хотя в этом случае любой может сообщить свои пожелания, относительно звукового оформле-

ния, изменений в сценарии и т.п., но последнее слово всегда должно оставаться за режиссером. Однако он должен уметь доказать и аргументировать свою точку зрения, и если режиссер имеет достаточно большой авторитет, то, как правило, вся творческая группа соглашается с

ним и начинает работу с хорошим настроением и уверенностью в успехе.

Успешно работает коллектив, в котором режиссер имеет истинные качества лидера. Это можно сказать и про журналиста, который осуществляет функции режиссера программы.

Литература

- 1 Радиожурналистика: учебник / под ред. А.А. Шереля. – М., 2000.
- 2 Велитченко С.Н. Принцип формата в современном радиовещании и его специфические особенности. – Алматы, 2002.
- 3 Смирнов В.В. Формы вещания. – М., 2002. – С.5.
- 4 Ложникова О.П. Теория и практика радиожурналистики. – Алматы: Казахский университеті, 2015.

References

- 1 Radiozhurnalistika: Uchebnik / pod red. A.A. Sherelya. – M., 2000.
- 2 Velitchenko S.N. Princip formata v sovremenном radioveshhanii i ego specificheskie osobennosti. – Almaty, 2002.
- 3 Smirnov V.V. Formy veshhaniya. – M., 2002. – С.5.
- 4 Lozhnikova O.P. Teoriya i praktika radiozhurnalistiki. – Almaty: Kazaxskij universitet. – 2015.

5-бөлім
БАСПА ІСІ ЖӘНЕ ДИЗАЙН

Раздел 5
ИЗДАТЕЛЬСКОЕ ДЕЛО И ДИЗАЙН

Section 5
PUBLISHING AND DESIGN

Мухатаева Қоңыр

Филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: tantal.km@mail.ru, 87013198961

ЖАПОН БАСПА ІСІ ТАРИХЫНАН

Мақалада баспа саласының тарихы, өзінің даму кезеңдері бар, бүгінгі күнде әлем әдебиетіне үлкен үлес қосып отырған Жапон баспа саласы туралы сөз болады. Экономикалық даму, ғылым мен техника жағынан үлкен жетістіктерге қол жеткізген Жапония – мәдениеті өте жоғары, білім жетістіктері дамыған мемлекет болып қалыптасуына кітап ісінің қосқан зор үлесі туралы айтылады. Салалық, мамандандырылған, әмбебап баспаларының даму жолдарынан мағлұмат аламыз.

Түйін сөз: Жапон баспа ісі, баспалар, кітап басу, свиток-макимono, эмакимono.

Мухатаева Қоңыр

Кандидат филологических наук, старший преподаватель
Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы
E-mail: tantal.km@mail.ru, 87013198961

История издательского дела Японии

В статье говорится об истории издательской деятельности, этапах развития и влиянии японской издательской отрасли на мировую литературу сегодня. Издательская индустрия Японии вносит большой вклад в развитие экономики, науки, техники и культуры страны. Автор полагает, что формирование высокого уровня экономического развития и образования в Японии состоялось благодаря, в том числе, достижениям книгоиздательской отрасли. Также в статье содержатся сведения о развитии отраслевых, специализированных, универсальных издательств.

Ключевые слова: японское издательство, полиграфия, книгоиздание, ролл-макимono эмакимono.

Mukhatayeva Konyr

Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer
Al-Farabi Kazakh national university,
Kazakhstan, Almaty
E-mail: tantal.km@mail.ru, 87013198961

The history of the Japanese publishing industry

This article refers to the history of publishing, its stage of development and the impact of the Japanese publishing industry in the world literature today. Milestones in the history of publishing, which makes a great contribution to world literature today will focus on the Japanese publishing industry. Economic development, science and technology, culture, Japan has made great strides in terms of state formation with a very high level of education, thanks, including advances in publishing activities. We get information on how to develop industry-specific universal publishers.

Key word: Japanese publishing, printing, book publishing, roll-makimono emakimono.

Кіріспе

Жапон елінің бір ерекшелігі – халқының құрамына қарай бірұлтты ел болып келетіндігі. Жапондықтар халықтың 99%-ынан астамын құрайды. Бұдан басқа қытайлар, корейлер, американдықтар тұрады. Жапон елінде ертеден келе жатқан екі негізгі дін бар: синтоизм және буддизм. Дінге сенушілер қатар өмір сүріп жатқан осы екі дінді де тұтынады. Ресми тілі – жапон тілі. Жапон тілі өте ерекше және басқа тілдік топтардың бірде-біреуіне қосылмайды. Әрі иероглиф, әрі буындық әліппе ретінде пайдаланылатын қазіргі жапон жазуының жүйесі де өте күрделі. Кейінгі кезеңде экономикалық даму жағынан, ғылым мен техника жағынан үлкен жетістіктерге қол жеткізген Жапония – мәдениеті өте жоғары, білім жетістіктері дамыған мемлекет болып есептеледі. Жапония – балаларды ең ерте жастан бастап оқытып, тәрбиелеуге үлкен көңіл бөлетін бірден-бір жоғары мәдениетті, жаппай сауатты ел. Жапонияда университеттердің саны бүкіл Батыс Еуропадағыдан көп. Бұл ел – байырғы мәдениетті, әсемдікті және тұрмыс дәстүрін берік сақтаған, жапондық өмір салты дейтін түсініктің құрамына енетін ежелден келе жатқан мәдениетті ел. Халқы 130 миллионнан астам. Үлкен қалалары: Токио, Иокогама, Осака, Нагоя, Саппоро, Кобе, Киото, Фукуока, Кавасаки, Сайтама.

Негізгі бөлім

Жапонияда оқу-ағарту ісі VI-VII ғасырдан, храмдарда «тэракоя» деген мектептерін ашып, оқушыларды будда дініне оқытудан басталған. Жапониядағы білім алу жолы кітаптың пайда болуымен де тығыз байланысты. Жапонияда бірінші жазуы бар ескерткіштердің сақталған уақыты V ғасырдың бірінші жартысы болып есептеледі. Сол ғасырға жататын қылыштағы жазуларда 430-шы жыл делінсе, Суда-Хатиман сарайынан табылған айнадағы жазулар 443-шы жыл делінген, бірақ бұлардың бәрі қытай тілінде жазылған, соған қарап Қытайдан әкелінген деген болжамдар бар. [1] Бірінші қолжазба кітаптар қытай тілінен жазылып алынған, сонымен бірге өз тілінде жазылған кітаптардың пайда болуы біздің эрамыздың VIII ғасыры деп есептеледі. Бұл қолжазбаларға жататындар: «Кодекс Сетоку-Тайси», «Записки древности», «Анналы Японии», «Описание земель» т.б. басылымдар болған [1]. VII-VIII ғасырларда Жапонияда арнайы кітап жазатын шеберханалар болған, ол шіркеудікі болғанмен тек діни кітаптарды

ғана емес, үкіметтің, мемлекеттік құжаттарын, ауқатты бай феодалдардың да құжаттарын жазып беріп отырған. XVII ғасырда мәдениеттің дамуы, білім мен кітап саласының сұранысына орай қалалық шеберханалар көбейеді. Ол кездің кітаптары шиыршық түтік сияқты оралған қағаз свиток-макимоно формасында болды. Қағаздар лента сияқты бір-біріне жалғасып жасалынады. Жазудың көлеміне қарай, лентаның ұзындығы да әртүрлі болып келген. Бұл қолжазба кітаптың мазмұнына қарап отырып, сол кездің мәдени дамуының көрінісін білуге болады. Басында поэтикалық немесе тарихи хроникалар көшіріліп отырылды. Ал IX-XI ғасырларда повестер, әдеби шығармалар көшіріліп жазуды бастаған.

X-XI ғасырларда иллюстрациялы әдеби, тарихи, діни сюжеттерге суретті қолжазба кітаптар – эмакимоно пайда бола бастайды. Суреттерді қағазға не жібекке салып отырған, шиыршығын жазғанда әдемі панорама пайда болған. Бірақ сол кездің салынған бұл қолөнерінің авторлары жөнді сақталмаған, бүгінгі күнге жетпеген.

Жапондардың қолжазба кітаптарында діни бағыты буддизмді насихаттайтын және түсіндіретін әдебиеттер көп болған. XVII ғасырдың екінші жартысынан ксилография өнері дамиды да гравюра-иллюстрация саласы дамиды.

1590 жылы еуропалық миссионерлер Жапонияға баспа станогын, шрифт әкеп, бірінші кітап басып шығарған, бірақ олар біздің заманымызға сақталып, жетпеген. Қытайдан әкелінген жылжымалы мыс литермен 1615 жылы кітап басады, сонымен бірге ағаш литерлер де қолданылады. XIV-XVI ғасырларда басылып шыққан кітаптардың тираждары 100-200 данадан аспаған, себебі кітап басу өте қымбат дүние болып есептелді.

Ойтолқы

Жапонияда кітап басу саласына Қытайдың ықпалы үлкен болды. XIV ғасырға дейін тек буддизмнің кітаптары, соларға түсіндірмелер басылып отырылды. Кітап басу ісі дін басшыларының иелігінде болды. Сол себепте әр шіркеу өзінің діни кітаптарын шығарды.

Кейінірек, XIV ғасырда кітап басу ісімен ауқатты әскери үйлер де айналысады.

Ал XVI ғасырда жекеменшік баспаханалар пайда бола бастайды. Солардың ішінде ең үлкені Дээ Хоан (1564-1640). Бірінші жекеменшік баспагер медициналық кітаптарды шығара бастайды. XVII ғасырда кітап басу қарқындап

дамиды. Кітап басудың орталығы Еходзи провинциясы болды. Бұл жерде ескі қолжазба кітаптар «Анналы Японии», «Повесть о междуусобных войнах» кітаптары басылды. XVII ғасырдың ортасына дейін кітаптар қытай тілінде басылды. Жапон тілінде басылған бірінші кітап XVII ғасырда «Повесть о междуусобных войнах» кітабы «Фусюндэ» баспаханасынан 1652 жылы басылып шығады. Бұл ғасырда жапон классикалық әдебиетіне, көне ескерткіштерге қызығушылық артады. Осы ғасырдың ішінде 757 атаумен кітап басылады [2].

XVII ғасырдың аяғында кітап басу ісі дінбасшыларының құқығынан шығып, дербес сала болып қалыптасады. Баспа ісі коммерциялық және меценаттық саламен дамиды. Бай, феодалдар үкіметтің тапсырысымен не өз қалауларымен өте қымбат, тарихи көп томдық кітаптарды басып шығара бастайды. Осы кезде бірінші баспа сериясы пайда болады. Зерделі ғалым өзі зағип Ханава Хокинти классикалық шығармалардың үлкен тобын жинап, редакциясын жасап, «Гунсуруйдзю» сериясымен 655 том етіп шығарады. Ғалым бұл жұмысты жинаумен 40 жылдан астам айналысқан. Японияда және халықаралық японистикада бұл серия ең маңызды ескерткіш болып есептеледі [2].

XIX ғасырдың екінші жартысында баспа екі салада дамиды. Біріншісі – ғалымдар баспасы болса, екіншісі коммерциялық баспалар. Біріншісіне Фукудзава Юкити, Накамура Масанао, Танаки Укити баспалары жатады.

Фукудзава Юкити – үлкен ғалым, қоғам қайраткері, Токио университетін ұйымдастырушылардың бірі, 1872 жылы өз типографиясы мен баспасын ашады.

Накамура Масанао – педагог-ғалым, «Мэйрокуся» қоғамын құрушылардың бірі, мақсаты батыс халқының ғылыми жаңалықтарын, жетістіктерін мемлекет саласына енгізу болып табылады.

Танаки Укити – ғалым, экономист, тарихшы 1887 жылы жартылай коммерциялық баспасы мен типографиясын ашады. Өзінің экономика, тарихқа байланысты еңбектерін басады, сонымен бірге «Жапонның үлкен библиографиялық сөздігін» шығарады.

Екінші коммерциялық типтегі баспалар журнал басылымын, одан соң кітап басылымын шығарып отырады.

Кейінірек әмбебап баспалар да өз жұмыстарын бастайды, соның ішінде ең үлкені «Хакубункан» баспасы 1887 жылы негізі

салынған. Екінші баспа ол да 1887 жылы негізі салынған «Мингьюся» баспасы. Екеуі де әуелі журнал басумен айналысып, одан соң кітап басуға көшкен.

Бірінші әдеби көркем шығармалар басатын баспалар «Сюнъедо» (1878) тек қана көркем әдебиет басылымдарын шығарады және «Фудзамбо» – анықтамалық әдебиеттерді басады. «Синтуся» 1896 жылы ашылған, шет ел көркем әдебиетін басады. Соның ішінде орыс әдебиетінен И.С. Тургеновтің, Л.Н. Толстойдың шығармаларын басып шығарған.

Қоғамда болған әлеуметтік өзгерістер Жапонияда кітап басу саласына да ықпал етеді. 1926 жылы Жапонияда бірінші марксистік баспа «Кайдзося» ашылады. Ол өзінің бірінші басылымы етіп Маркстің еңбектерін жапон тіліне аударып шығарды. Бұл кезде жапон зиялыларының алдында «халыққа қол жетімді» мәдениет пен әдебиет жасау тұрды. «Кайдзося» баспасы 1926 жылы халыққа қол жетімді етіп, 25 томдық, әр томы 500-600 беттен тұратын «Қазіргі күнгі Жапон әдебиетінің жинағын» басып шығарады, оның құны 1 иеннен болады. Жапония үшін бұл «кітап әлеміндегі революция» болады. Бұл серияның жетістігі коммерциялық баспаларға да ой салып, енді «біриендік» кітаптар жаппай шыға бастайды. Бұл сериямен жиырмамыншы ғасырдың екінші жартысында жаппай, баспалардың бәрі шыға бастайды.

XX ғасырдың басында Жапонияда сөздік-анықтамалық басылымдар көптеп шығарылады. 1903 жылы европалық үлгіде бірінші жапондық энциклопедия шығады. 1901-1911 жылдарда әр томы салалық болып «Жапон энциклопедиясының» 10 томы шығады. 1902 жылы «Марудзан Кабусики» баспасы «Британика» энциклопедиясының 35 томын жапон тіліне аударып шығарады [3].

Жапон жазуларының күрделілігі, жапон тілін, білімін үйреніп-зерттеу үшін әуелі жапон тілінің өзін меңгеру керек болды. Сол себептен де Жапонияда көптеген сөздіктер шығарыла бастады. Бұл үлкен жолда бірінші баспа жұмысын бастаған 1914 жылы ашылған «Хейбонся» баспасы болды. «Энциклопедиялық сөздік» (15 т), «Түсіндірме сөздік» (26 т), «Библиографиялық сөздік» (19 т), «Ғылыми сөздік» (19 т), «Әлем тарихы сөздігі» (25 т), «Әлемдік энциклопедия» (32 т) шығарылымдары бірнеше мәрте басылып шығады [4]. Бірақ, осындай жақсы қарқынмен дамып келе жатқан Жапон мәдениеті мен әдебиетіне, Жапониядағы соғыс үлкен әсер етті. 1938 жылы шыққан қағазды пайдалануға шектеу

қою және полиграфиялық құрал-жабдықтарды шығаруға тыйым салынған заңнан кейін кітап баспа саласы тоқтап қалады. 1940 жылы «Жапония баспа ісінің ассоциациясы» құрылған соң, баспа саласы одан да әрі құлдырады, себебі ассоциацияның мақсаты барлық қолжазбаларды қарап, прогрессивті бағыттағы басылымдарды жібермей ұстап қалып отырды. Қысқаша айтқанда цензураның қызметін атқарады. 30-40 жылдары Жапон кітап саласының тақырыбы мүлдем өзгеріске ұшырады, сонымен бірге көлемі де азайды. Тақырыбы жағынан шовинизмді насихаттайтын кітаптар шығарылып, «тақырыбы жақпайтын» кітаптар өртелінді. 1941 жылдары репрессия, бомбылау, елде болған бүліншіліктің кезінде 6 мыңнан астап баспалар мен кітап саласындағы мекемелер жабылды.

Жапонияда екінші дүниежүзілік соғыс біткен соң, 1946 жылдан кітап басу саласы қайта гүлденуді бастайды.

Бүгінгі күнде Жапония кітаптың оқылуы, кітаптың сатылуы және оқырманы жағынан әлемде екінші орынды иеленіп келеді. Ал жалпы кітап басылымы жағынан АҚШ, Ұлыбритания, Германия мемлекеттерінен кейінгі 4-5 орындарды иеленеді. Жаппай жоғары сауатты ел болғандықтан, Жапонияда кітап басу саласының түрі де өте бай болып келеді. Баспа саласын ұйымдастыруда Жапонияда орналасу жеріне де көп көңіл бөлінеді. Баспа саласының 2/3 Токио қаласында және Осака мен Киото қалаларында орналасқан. Соңғы жылдары баспа салаларын екі бағытқа бөлуге болады. Біріншісі – әмбебап, екіншісі – мамандандырылған. Мамандандырылғанда тек бір ғана салаға ғана емес, бірнеше сала бойынша шығаруға қалыптасқан. Жапон кітап басылымдарының жоғары деңгейі, әрине, полиграфиясының да жақсы дамуымен байланысты екені сөзсіз. Өте жоғары деңгейдегі бәсекелестікте, тек жоғары сапада өнім шығарған полиграфиялар ғана өздерін сақтай алады.

Жапонияда баспалардың типографиялары жоқ және олар өздері кітап таратумен де айналыспайды, оны сол жұмыстармен айналысатын агенттіктерге тапсырады. Бұл саланың ішіндегі ірілері: «Топпан групп» концерні, өз құрамында 80-ге жақын полиграфиялық компанияларды біріктіреді. Екіншісі – «Даи ниппон принтинг» 1876 жылы негізі салынған, бұл үлкен полиграфиялық кәсіпорындарының басылымдары тек Жапонияда ғана емес, шет мемлекеттердің де алдарында беделдері жоғары.

Жапония кітап тарату саласының өзінің қалыптасқан дәстүрі бар. Баспалар өздері же-

ке дүкендер ұстамайтындары үлкен орталық фирмалармен байланыста болады. Кітап тарату сұраныс қабылдау жүйесі бойынша жүреді. Интернет-магазиндермен қатар, ұсақ дүңгіршек, делдалды кітап сату саласы да қызмет атқарады. Солардың ішінде үлкен кітап сататын фирмалар «Марудзэн», «Наука», «Ниппон Сюппан», «Ханбаи», «Токио Сюппан Ханбаи», «Курита Сюппан» ж.б. [4]

Жапония халықаралық кітап сауда саласында үлкен бәсекелестікке ие мемлекет.

Бірінші рет 1853 жылы Европа елдері мен АҚШ-тан Жапонияға кітап әкеліне бастайды. Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін шет елдермен тек «Токугава Шогунате» фирмасы ғана тұрақты байланыс жасады. Кітап басылымдары тек Қытайдан ғана әкелінді. Ал 1946 жылдан кейін кітап импорты қайта жанданып, тұрақты түрде өсіп келеді. Келіп түсетін кітап өнімінің 80%-ы Жапонияға Ұлыбританиядан, АҚШ, Германия, Франциядан әкелінеді. Сонымен бірге Жапонияның өзі де кітап өнімдерін экспортқа шығарады. Негізгі жіберетін мемлекеттері – АҚШ, Ұлыбритания, Австралия. Экспортқа шығаратын кітаптарының 60% ағылшын тілінде шығарылады. Экспорт пен импортқа баспа өнімдерін дайындайтын ең үпкен фирмалар «Джапан павликейшн трейдинг» және «Юнайтед павлишерс сервис» болып табылады. Жапонияның үлкен баспа салалары «Мәдени бірлестіктегі Жапон баспагерлерінің Ассоциациясына» біріге отырып, Жапон баспа өнімдерін өз елдерінде және шет елдерге насихаттау жұмыстарын жүргізеді. Халықаралық ақпараттық «Жапонияда басылған аннотациялы кітап каталогын» шығарып тұрады. Халықаралық жәрмеңкелер, Жапон кітаптарының көрмесін ұйымдастырып отырады. Жапонияда сонымен бірге «Жапон журнал шығарушылар ассоциациясы», «Жапон кітап таратушылар ассоциациясы», «Жапон кітап импортерлер ассоциациясы» т.б. бірлескен ұйымдар жұмыс атқарады.

Кітап шығару құрылымына зер салсақ, шығарылған кітап басылымдарында бірінші орынды көркем әдебиет басылымдары алады. 35% қоғамдық-саяси және 30% балалар әдебиетінің үлесіне тиеді. Көпшілік сұранысына көп томдық пен сериялы басылымдар ие. Өнертану саласында «Әлем шедевры» (80 том), «Жапон шедеврлары» (50 том), «Жапонияның мәдениет, өнер және көрнекті жерлері» (жапон тілінде 500 том, ағылшын тілінде 40 том) басылымдары өтімді. Сериялық басылымдардың

ішінен көркем әдеби жанр саласынан «Жапон әдебиетінің антологиясы» (80 том), «Жапон поэзиясының қазынасы» (31 том), «Жасөспірімдер кітапханасы» (280 том) т.б. басылымдарын атауға болады [4].

Алдыңғы қатарлы кітап басатын баспалар Коданся (Азиядағы үлкен баспа), Гаккэн, Сёгакукан, Иванами сётэн.

Коданся-1909 жылдан ашылған әмбебап баспа. Әртүрлі тақырыптағы кітап басылымдарын шығарады. Солардың ішінен мына серияларды атап өтуге болады: «Әлем музейі», «Тутанхамон алтыны», «Альпы», «Иллюстрацияланған балалар энциклопедиясы» ж.б. Баспаның негізін салушы Сэйти Номаның құрметіне баспа жыл сайын «Әлем сыйлығын» тағайындайды.

Иванами сётэн – 1913 жылдан жұмыс істеп келе жатқан әмбебап баспа. Жылына 300-400 ден астам атаумен кітап шығарады, әсіресе ғылымның бар саласынан ғылыми монографиялар шығарумен ерекшеленеді. Баспа сонымен бірге жұмсақ мұқабамен арзан басылымдар шығарады. Оның шығаратын үш сериясы аса өтімді. «Иванами классиктері», «Жұмсақ мұқабалы Иванами кітаптары», «Иванами балалар кітапханасы» сериялары. «Иванами классиктері» 1927 жылдан шығып келеді, 3,5 мыңнан аса Батыс пен Шығыстың атаулы жазушыларын шығарды. «Жұмсақ мұқабалы Иванами кітаптары» 1938 жылдан шығарып келеді. Бұл серия ғылымның әр саласынан жаңа басылымдарды шығарады. «Иванами балалар кітапханасы» жұмысын екінші дүниежүзілік соғыстан кейін бастаған, бұл күнде әлем балалар классиктерінің 150 атаудан астамын шығарды. Баспа көптеген шетелдік авторлармен жұмыс атқарады. Басылымдарының көбісі ағылшын, француз, орыс тілдерінде шығады. Басқа мемлекеттің баспаларымен де бірігіп кітап шығарады. «Марид қолжазбалары», «Энциклопедиялық сөздік» сондай бірлесіп шығарған басылымдар.

«Сюфунотомо» 1919 жылдан ашылған. Ең басында ас әзірлеу, шай дайындау, тоқыма тоқу, бала тәрбиесіне байланысты кітаптарды басудан бастаған, соның ішінде «Сюфунотомоның үй энциклопедиясын» шығарумен белгілі болған. Бірақ, кейін келе өз тақырыбын кеңейтіп, бағытын да өзгертеді. Философия, дін, педагогика, балалар әдебиеті т.б. тақырыптарға кітап шығарады. Көп басылымдардың басын біріктіретін сериялары «Нобель сыйлығының лауреат-әдебиетшілері» (26т), «Әлемдік христиан әдебиеті» (22 т).

«Киоритсю Сюппан» – 1926 жылы негізі салынған. Бас кезінде гуманитарлық және әлеу-

меттік тақырыптағы кітаптарды басқан. 1928 жылы Жапноияның математик ғалымымен бірлесе отырып «Жоғары математикадан лекцияларды» шығара отырып, қолданбалы ғылым басылымдарын шығарудың негізін салды. 1951 жылдан бастап «Киоритсю кітаптары» сериясымен жаратылыстану саласындағы кітаптарды шығара бастайды. 1960 жылы Халықаралық Жапон химия орталығымен бірлесе отырып «Химия энциклопедиясын», «Информатикадан лекциялар» (77 т), «Бүгінгі математика» (35 т), «Эксперименталды физикадан лекциялар» (32 т), «Экологиялық зерттеулердің методикасынан лекциялар» (33 т) басылымдарын шығарып келеді. Сонымен бірге ғылыми журналдар шығарады.

«Ом-Ся» және «Сококуся» жаратылыстану-техникалық бағыттағы басылымдарды шығаратын баспалардың ішіндегі ең ірісі.

«Ом-Ся» 1914 жылы «Ом» журналын басудан бастаған. Кейін келе техника саласындағы әдебиеттерді басады. Жылына 130 атаумен басылым шығарады. Мамандандырылған 8 журнал шығарады. Болашақ технолог, инженерлерге арнап оқулықтар шығарады. Сонымен қатар кәсіптік сөздіктер шығарады. Мысалы «Электротехникадан ағылшын-жапон – неміс-орыс тілі сөздігін» басып шығарды.

«Сококуся» баспасы 1932 жылдан жылына жүзге жақын атаумен инженерлік іс, архитектура, құрылыс саласындағы басылымдар шығарады. Осы саладағы басылатын кітаптардың 60%-ын осы баспа шығарады. 1954 жылы «Заманауи әлем архитектурасы» сериясы Жапон архитектура бірлестігінің сыйлығына ие болған.

«Канехара» баспасы 1875 жылы құрылған. 1953 жылы медицина саласындағы бес баспаны біріктіріп, бұл күнде жылына 330 атаумен кітап шығаратын үлкен бірлестік.

«Сейбундо Синкося» – ауыл шаруашылығы, коммерциялық бағыттағы кітаптар, техникалық және балалар әдебиетін шығаратын баспа. 1912 жылы ашылған, бас кезінде ғылыми-көпшілік журнал басты. «Ғылым», «Радио», «Бақша және ауыл шаруашылығы» журналдарын шығарып тұрды. 1954 жылдан студенттерге (32 т), жасөспірімдерге (30 т), балаларға (100 т) арналған энциклопедия шығарды. Жалпы жылына 345 атаумен кітап шығарады. Жапонияда 25-ке тарта баспа тек оқулықтар шығарады, 580 атаумен жылына оқулық шығаратын «Тайсукан» баспасы 1918 жылы құрылған. Білім саласындағы әдебиеттер, тіл тану, студент-

тер мен оқытушыларға методикалық құралдар, сөздіктер, анықтамалықтар, жапон тілін үйренуге арналған басылымдар шығарады. «Дзеннің үлкен сөздігі», «Жапонияда ағылшын тілін үйренуге арналған сөздік», «Жапон тілінің тарихы», «Қазіргі ғылым сериялары» сияқты басылымдарды шығарды.

«Сюпан ньюс» 1949 жылдан библиография және кітап тану саласындағы әдебиеттерді, жапон мерзімді басылымдарының көрсеткішін шығарып келеді.

«Сөздіктер мен энциклопедиялардың Жапонияда шыққан басылымдарының толық каталогы», «Жапония баспагерлері» сияқты басылымдарды шығарды.

«Сюпан жаңалықтары» журналы тұрақты түрде баспасөз жаңалықтарын жариялап

тұрады. «Отсуки Сетен» баспасы да 1946 жылы құрылған, осы бағыттағы басылымдарды шығарды [5].

Қорытынды

Жалпы Жапония баспа саласының даму тарихы өте бай және күрделі болып келеді. Бүгінгі күнде мемлекеттің гүлденуіне, экономикасының дамуына, әлем мойындаған әдебиеттер шығаруда алдыңғы қатарда келе жатқан мемлекеттің бірі болуына баспа саласының да қосқан үлесі мол.

«Қай ұлттың баспасөзі мықты болса, сол ұлттың өзі де мықты» – деп А. Байтұрсыновтың айтқаны бүгінгі күннің де ақиқаты екеніне көз жеткізгендей боламыз.

Әдебиеттер

- 1 Попов К.М. Япония: Очерки развития национальной культуры и геогр. мысли. – М., 1964. – 635 с.
- 2 Калиянц А.С. Библиографическая деятельность японских университетов. – М., 1989.
- 3 Шевенко С.М. Научная информация в Японии. – М.: Обзор, 1982. – 166 с.
- 4 Гудовщикова И.В., Лютова К.В. Общая иностранная библиография: учебник. – М.: Книга, 1978. – 224 с.
- 5 Книжная культура. История и современность //Национальная культура в современном социокультурном процессе. – Вып.1. – М., 2002.
- 6 Современное отечественное и зарубежное издательское дело: учеб. пособие / сост. А.В. Зарубин; под ред. Т.В. Поповой. – Екатеринбург: УГТУ-УПИ, 2008. – 112 с.

References

- 1 Popov KM Japan: Essays on the development of national culture and Geography. myslі. M.: 1964.-635 with.
- 2 Kaliyants A.S.Bibliograficheskaya activities Japanese universitetov.- M.: 1989.
- 3 Shevenko S.M.Nauchnaya information Yaponii. M.: Overview: 1982.-166 with.
- 4 Gudovschikova IV, KV Lyutova Total foreign bibliography: uchebник. – M.: Book, 1978.-224 with.
- 5 Knizhnaya culture. Past and Present // National culture in the modern socio-cultural process. – Issue 1. – M., 2002.
- 6 Sovremennoe domestic and foreign publishing: studies. Benefit / comp. AV Zarubin; ed. TV Popova. – Yekaterinburg: Ural State Technical University, 2008. – 112 p.

Майкотова Ғалия,¹ Сайдахмет Айбек,¹ Джуматаева Венера²

¹Журналистика факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: maykotova.galiya@gmail.com; dzhumataeva_venera@mail.ru

²Гуманитарлық факультеті, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,
Қазақстан, Талдықорған қ.

E-mail: saidahmet_aibek@mail.ru, dzhumataeva_venera@mail.ru, 87027444702

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ БАСЫЛЫМДАРДЫҢ
ДАМУ БАҒЫТТАРЫ**

Мақалада Қазақстандағы қоғамдық-саяси басылымдардың даму бағыттары қарастырылады. Қазіргі қоғамдық-саяси басылымдардың техникалық, шығармашылық, коммуникативті және өзге де даму жолдары зерттеу объектісіне негізделеді. Салалық басылымдарды дамытудағы кері әсерлер мен шешімдер қарастырылады. Міне, осы сұрақтарға жауап табу ретінде мақалада қоғамдық-саяси басылымдарға зерттеу жүргізілді. Еліміздегі саяси-экономикалық, әлеуметтік мәселелер, демократиялық қоғамдағы бұқаралық ақпарат кеңістігінің даму бағыттары, еліміздің саяси құрылымындағы мәдениет пен қоғамдық сананың қалыптасу дәрежесі, мемлекет пен азаматтық қоғам жағдайындағы саяси институттар арақатынасының құқықтық сипаты кең масштабта талданады.

Түйін сөздер: саяси коммуникация, қоғамдық-саяси басылымдар, демократия, дәстүрлі БАҚ, электронды журналистика, әдеби тіл, жазба тіл, медиа-өнімдер, медиаформат, стилистика.

Майкотова Ғалия,¹ Сайдахмет Айбек,¹ Джуматаева Венера²

¹Факультет журналистики, Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы,

E-mail: maykotova.galiya@gmail.com; dzhumataeva_venera@mail.ru

²Гуманитарный факультет, ЖГУ имени И. Жансугурова,

Казахстан, г. Талдыкүрган

E-mail: saidahmet_aibek@mail.ru, dzhumataeva_venera@mail.ru, 87027444702

Современные направления развития стилистических аспектов в СМИ

В статье рассматриваются общественно-политические издания и направления развития. В общественно-политических, технических, творческих, коммуникативных и иных изданиях на пути развития основывается объект исследования. Качественные эффекты в развитии решений рассматривают издания. В статье делается попытка найти ответы на эти вопросы в качестве общественно-политического издания. Политико-экономические, социальные проблемы, направления развития пространства массовой информации в демократическом обществе, степень формирования общественного сознания в структуре политической культуры в стране анализируются и в условиях правового характера соотношения государства и гражданского общества в широком масштабе.

Ключевые слова: политическая коммуникация, общественно-политические издания, демократия, традиционные СМИ, электронная журналистика, литературный язык, язык записей, медиа-продукты, медиаформат, стилистика.

Maykotova Galiya,¹ Saidahmet Aibek,¹ Dzhumatayeva Venera²

¹The Faculty of Journalism, Al-Farabi Kazakh National University,

Kazakhstan, Almaty, ²The Faculty of Humanities at The Zhetysu state university named after I. Zhansugurov,
Taldykorgan city, Kazakhstan, E-mail: saidahmet_aibek@mail.ru, dzhumataeva_venera@mail.ru, 87027444702

Modern directions of development of stylistic aspects are in MASS-MEDIA

Socio-political publications and directions of development are described in the article. In socio-political, technical, creative, communicative and other publications on the path of development is based

the object of research. Qualitative effects in the development of solutions are considered in publications. In the article authors attempt to find answers to these questions as a socio-political publication. Political, economic, social problems, developments of the space of mass information in a democratic society, the degree of the formation of public consciousness in the structure of political culture in the country are analyzed in the context of the legal nature of the ratio of the state and civil society on a large scale.

Key words: political communication, socio-political publications, democracy, traditional Mass media, electronic journalism, literary language, record language, media products, media format, Stylistics.

Кіріспе

Қоғамдық-саяси басылым алғаш Англияда 1588 жылы «Инглиш меркьюри», сосын тағы бір басылым 1606 жылы, ал Германияда 1609 жылы басылып шыққаны туралы нақты деректер бар. Негізінде жазу адамзат тарихында осыдан он мың жылдай бұрын пайда болса, қағаз Қытайда бір жарым-екі мың жыл бұрын дүниеге келген. Онан бұрынғы папирус, пергамент және саз балшықтан жасалған тақталарда әртүрлі петроглифтер, пиктография, иероглифтер тәрізді қарапайым жазулар қолданыла бастаған.

Сондай-ақ, алғашында қолжазба газеттер пайда болған. Цезарь патшаның кезінде үш жүз күл арнайы дайындықтан өткізіліп, жүздеген қолжазбаны көбейтіп, кейбір хабар-ошарларды жұртқа таратып отырған. «Газет» деген сөздің өзі Италиядан шыққан. Ұсақ «монет» деген ұғымды білдіреді. Қайсыбір сауда-саттық жөніндегі жаңалықтарды қағазға жазып сататын болған. Кейін ол «газет» атауына айналып кеткен.

Тасқа қашалған руналық түркі жазулары (Орхон-Енисей жазулары) мың жарым жыл бұрынғы ақпараттық тарихи ескерткіш ретінде бізге жетіп отыр. Бағзыдағы ата-бабалар жазуынан түрлі тарихи мәліметтердің қалғандығынан мәдениет пен дала өркениетінің өзінен анық байқауға болады.

Негізгі бөлім

Ертедегі азын-аулақ хабарламалардан басталған ақпараттық нышандар кейін келе XVI-XVII ғасырларда жетілдірілген нағыз кәсіби газеттердің шығуына негіз қалады. Бірте-бірте баспасөздің өркендеуі дами берді. Еуропа және басқа әлем елдерінде көптеген газет шығару ісі жолға қойылды. Мұның Ресеймен Қазақстанға да қатысы бар.

Ал, енді жалпы қазақ қоғамына қатысты алғашқы бұқаралық ақпарат құралдары жөнінде не білеміз? Сол жайында біраз айта кетсек артықтық болмайды деп ойлаймыз. Ресей патшалығының «Туркестанские ведомости» газетіне қосымша түрде 1870 жылы Ташкентте

шыққан «Түркістан уәлаятының газеті» алғаш қазақ тілінде (айына төрт рет – екі саны өзбекше, екі саны қазақша) тарихи елеулі басылым болды. Оның редакторы орыс пен шығыс тілдерін білген Шахмардан Ибрагимов еді. Газет қазақ баспасөзінің тұңғышы іспетті рөл атқарғанын жоққа шығаруға болмайды.

Әрине, газет патшалық Ресейдің отаршылдық саясатын жүргізгені мәлім. Сөйтсе де оның беттеріндегі ресми емес бөлімде оқу-білім, тарих пен этнография, әдебиет пен мәдениетке байланысты материалдар жарияланып тұрды. Мұның өзі қазақ ұлтының танылуына әжептәуір себі тигендігіне сөз жоқ. Сондай-ақ, газетте Шоқан, Ыбырай, Абай секілді классиктеріміздің өмірі мен шығармашылығы жөнінде де айтылып тұрды.

Осы тектес тағы бір басылым «Дала уәлаятының газеті» еді. Ол Омбы қаласында 1888 жылы жарық көрді. Ал орысшасы «Киргизская степная газета» деп аталды. Газетте әр кезде бірнеше редактор болған. Соның ішінде Е. Абылайханов пен Д. Сұлтанғазинді атауға болады. Ол «Түркістан уәлаяты газеті» секілді үлгіде шықты.

Ал 1911 жылы Троицк қаласында «Айқап» журналы жарық көрді. Оның шығарушысы Мұхамеджан Сералин еді. Журналда саяси-әлеуметтік мәселелер көтерілді. Шаруашылық жер мен өндіріс мәселесі сөз болды. Әртүрлі жанрда материалдар жарияланды.

«Қазақ» газеті болса 1913 жылдан бастап қоғамдық-саяси, әдеби газет ретінде Орынборда шығып тұрды. Бірінші редакторы А. Байтұрсынов, екінші редакторы Міржақып Дулатов болды. Газет 1918 жылға дейін шықты. 265 нөмірі жарық көрді. Ұлт басылымы ретінде оның зор маңызын атап айту керек. Алаш көсемдері ұлт-азаттық қозғалысты жаңа белеңге шығарудың көзін баспасөзден іздеді. Олар халыққа газеттің қаншалықты қажет екенін көре білді. Сол себепті алдағы міндеттерді айқындап, болашаққа жол салып отыру үшін, қозғалысқа бұқаралық айқын сипат берудегі газеттің рөліне ерекше көңіл бөлді. Оны 1913 жылғы «Қазақ» газетінің алғашқы нөміріндегі «Құрметті оқушылар!» арнау мақаласынан айқын аңғаруға болады [1].

Сонымен бірге, ұлттық демократиялық басылымдар ретінде 1917 жылы Семейде шыққан «Сарыарқа» газетін – редакторы Халел Ғаббасұлы, «Алаш» газетін (1916 жылы Ташкентте шыққан) – редакторы Көлбай Тоғысов, «Абай» журналын (1918 жылы Семей қаласында) – Жүсіпбек Аймауытовтың редакторлығымен жарық көргенін айтуға болады. Баспасөздің дамуы – оның теориясын да туғызатыны белгілі.

Ал «Баспасөздің төрт теориясы» еңбегінің шыққанына қырық жылдан астам уақыт өтті. XX ғасырдың орта шенінде С. Сиберт, У. Шрамм, Т. Питерсонның авторлығымен жарияланған бұл еңбек, алдымен 1942 жылдары баспасөз бостандығы жөнінде арнаулы комиссияның ұсынысы бойынша, кейін 1960 жылдары кітап болып басылды. Алайда оның бастапқы идеялары одан жүздеген жылдар бұрын әуелі Англияда, сосын басқа да Еуропа елдері мен АҚШ-та айтыла бастаған еді. «Төрт теорияны» қолға алып, жариялауда «Тайм» журналының иесі Генри Люс пен Чикаго университетінің президенті Р. Хатчинс әжептәуір ықпал етті. Ал кітаптың авторлары болса, баспасөздің америкалық белгілі теоретиктері мен тарихшылары еді [2].

Авторитарлық теория болса – корольдер мен императорлардың баспасөз жөніндегі жауапкершілігі туралы концепцияны қамтиды. Яғни, қысым жасауға байланысты сөз қозғады. Либертариандық теория болса – баспасөз еркіндігіне байланысты тұжырымдалды. Бұл өзі «либерализм» ұғымына бағындырылды. Ал әлеуметтік жауапкершілік теориясы – атына сай баспасөзде жауапкершілік мәселесін қозғап, бостандық пен жауапкершілікті байланыстырып қозғауды түйіндеді. Ақыр соңында кеңестік коммунистік теория – журналистикада бір идеологияға бағынған, коммунистік партияның қаруына айналған баспасөз жайын талдап көрсетті.

Ойтолқы

Осылайша «төрт теория» баспасөздің қоғамдық мәселелерін көтеріп, жаңа тұжырымдар жасауға тырысты.

Сөйтіп, баспасөз дамуының ғылыми зерттелуі кейбір елдерде қолға алына бастады [3].

Бүгінгі күнде қоғамдық-саяси басылымдардың техникалық, шығармашылық, коммуникативті және өзге де даму жолдары қай дәрежеде орын алуда? Даму жолы қандай немесе кері әсерлері, шешімі табылмаған мәселелері бар ма?

Міне, осы сұрақтарға жауап табу ретінде біз қоғамдық-саяси басылымдарға зерттеу жүргіздік.

Зерттеу қорытындысы бойынша қоғамдық пікірді анықтап, оны сол қалпында беруге тырыстық.

Еліміздің даму үрдісіндегі қоғамдық-саяси салмақтың баспасөздің үлесіне тиетіні де шындыққа жанасады. Себебі, қоғамның қарыштап алға қарай дамуына күш беретін немесе керісінше кері қарай қадам басуына ықпал ететін осы бұқаралық ақпарат құралдары болып табылады. Басылымдардың соңғы кезеңде ақпараттық майдандарға тікелей араласушы ретінде күшейе түскені шындық. Әрине, бұл мәселе жаһандану жағдайында өмір сүріп жатқан мемлекеттер үшін таңсық құбылыс емес. Баспасөз жұмысының нәтижелі болуы үшін ортақ мақсаттың жүзеге асуына БАҚ туралы Заң және мемлекеттік мекемелер алғашқы саптан көрінуі тиіс. Ал құзырлы органдар қызығушылық танытпаған жерде баспасөздің бұл бағыттағы жұмысы да әлсіз болмақ.

Мемлекет пен бұқаралық басылымдар арасындағы қатынасты айқындайтын негізгі факторлар болып:

- қоғамның жалпы саяси-әлеуметтік, экономикалық мәселелері;
- демократиялық қоғам құру жолындағы ақпарат кеңістігінің ұлғая түсуі;
- қоғамдағы саяси мәдениет пен қоғамдық сана деңгейінің қалыптасуы;
- азаматтық қоғам құрудағы саяси институттар арақатынасының құқықтық сипатының биік сатыға жетуі [4].

